

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ

С. С. ТҮСІПБЕКОВ
И. М. ИСКАКОВ

ШЕТЕЛДЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТАРИХЫ

ОҚУ-ТӘЖІРИБЕЛІК ҚҰРАЛЫ

ҚАРАҒАНДЫ
2015

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ

С. С. ТҮСІПБЕКОВ
И. М. ИСКАКОВ

ШЕТЕЛДЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТАРИХЫ

Оқу-тәжірибелік құралы

ҚАРАҒАНДЫ
2015

УДК 341(075.8)
ББК 67.412я73
Т 90

Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының ғылыми кеңесінің шешімі бойынша басылды.

Пікір жазғандар:

А. Божқараұлы — Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің конституциялық және халықаралық құқық кафедрасының меңгерушісі, доцент, заң ғылымдарының кандидаты;

Р. К. Джиємбаев — ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты

С. С. Түсінбеков, И. М. Искаков

Т90 ШЕТЕЛДЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТАРИХЫ: Оқу-тәжірибелік құралы. — Қарағанды: ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2015. — 144 бет.

ISBN 978-601-7536-49-7

Оқу құралы құқықтану мамандығы бойынша оқитын жоғары оқу орындарының студенттері мен тыңдаушыларына ұсынылады.

Оның мазмұны Қазақстан Республикасы ІІМ Қарағанды академиясындағы шетелдердің мемлекет және құқық тарихының оқу тәжірибесіне негізделген.

Мұнда жалпы шетелдердің мемлекет және құқық тарихының соңғы жетістіктері мен шетелдердің мемлекет және құқық пайда болуы мен дамуынан үзінділер келтірілген.

ISBN 978-601-7536-49-7

УДК 341(075.8)
ББК 67.412я73

© ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2015;
© С. С. Түсінбеков, И. М. Искаков, 2015

КІРІСПЕ

«Шетелдердің мемлекет және құқық» сызбалар альбомы Қазақстан Республикасындағы Гуманитарлық білім беру тұғырламасы негізінде жасалған. Бұл альбом тыңдаушыларға дүние жүзілік тарихи процестің мазмұны, мәні және сипаты туралы толық білім беруге бағытталған.

Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы жоғары білікті заңгерлер дайындауда маңызды рөлі бар. Тыңдаушылар мемлекеттік-құқықтық құбылыстар туралы тарихи көзқарас дағдыларына ие болады және оларға баға беруге үйренеді. Қоғам өмірі, мемлекет пен құқық туралы білім алады.

Тарихтық принцип, тарихи көзқарас — бұл білімге ие болудың әмбебап принципі болып табылады. Осыған байланысты сызбалар альбомының негізгі мақсаттары:

1) шетелдердің мемлекет және құқық тарихының маңызды фактілер комплексін меңгеруі;

2) тыңдаушылардың тарихи процесті терең түсінуі және құқықтық актілерді немесе мемлекеттік механизмнің реформаларын дұрыс атауы, олардың себептерін, нәтижелері мен тиімділігін түсінуі.

Шетелдердің мемлекет және құқық тарихына тыңдаушылардың қызығушылығы мен құрметін дамытуы болып табылады.

Шетелдердің мемлекет және құқығының тарихын оқудың зор тәжірибелік маңызы бар. Дегенмен, тарих — адамзат тәжірибесінің қазынасы, қазіргі заманғы мәселелердің шешілуі сол тәжірибені еске алмай болмайды.


Шетелдердің мемлекет және құқық тарихын оқу алдыңғы тарихи процестің нәтижесі болып табылатын салалық заң пәндерін тікелей меңгеруге қажетті.

ЕЖЕЛГІ ЕГИПЕТТІҢ МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҒЫ

Ежелгі Египеттің мемлекеті және құқығы тарихының кезеңдері

- 1 кезең — Ерте патшалық (б. э. д. 3110—2800 жж.)
- 2 кезең — Ежелгі немесе Ескі патшалық (б. э. д. 2800—2550 жж.)
- 1 ауыспалы кезең — (б. э. д. 2160—2134 жж.)
- 3 кезең — Орта патшалық (б. э. д. 2050—1700 жж.)
- 2 ауыспалы кезең — (б. э. д. 1700—1530 жж.)
- 4 кезең — Жаңа патшалық (б. э. д. 2575/1525/—1087 жж.)

Мемлекеттік және қоғамдық құрылым




Ежелгі Египеттің құқықтық жүйесі

Құқықтың негізгі қайнар көздері — кодекске айналдырылған әдет-ғұрыптар: Перғауын Менес кодексі — қылмыстық және діни құқық жинағы, Бокхорис кодексі — қаржы және сауда бойынша кодекс, Амасис кодексі — жергілікті басқару бойынша заңнама.

Жер мен су көздерінің жоғарғы иесі — перғауын болып табылды. Неке-отбасы құқығы ерлі-зайыптылардың теңдігінен көрініс тапқан матриархаттың қалдықтарын сақтап қалды.

Қылмыстық құқық бойынша аса ауыр қылмыстар мемлекетке қарсы қылмыстар болып танылды. Жазалауда талион қағидасы кең қолданылды.

**Ертедегі Мысыр (Египет) елінің мемлекеттік құрылысы
(біздің дәуірге дейінгі XXVIII—XXIII ғасырлардағы кезең)**




ЕЖЕЛГІ ВАВИЛОН МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҒЫ

Ежелгі Вавилон тарихының кезеңдері

1 кезең — Ежелгі Вавилон мемлекетінің Хаммурапи патшаның билік етуімен байланысты гүлденуі (б. э. д. 792—1750 ж. ж.)
2 кезең — Жаңа вавилондық патшалық (б. э. д. 17 ғ. соңы — б. з. д. 539 ж.).

Мемлекеттік және қоғамдық құрылым



Ежелгі Вавилон мемлекетінің құқықтық жүйесі

Құқықтың негізгі қайнар көзі — Хаммурапи патшаның 282 баптан құралған заңдары.

Меншік құқығы жерге, малға, құлдарға, үй мүлкіне және басқа да заттарға таралды.


Шарттардың келесі түрлері болады: займ, сату-сатып алу, сақтау, жерді жалға алу.

Неке-отбасы құқығы патриархалдық сипатта болды.

Қылмыстық құқық жеке тұлғаға қарсы қылмыстарды меншікке қарсы және жеке нақты ажыратты.

Сот процесі жеке сипатта болды, яғни, барлық істер тараптармен қозғалып жүргізілетін.

**Ертедегі Вавилонның мемлекеттік құрылысы
(біздің дәуірге дейінгі XVIII ғасырда)**



ЕЖЕЛГІ ҮНДІСТАННЫҢ МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҒЫ

Мемлекеттік және қоғамдық құрылым



Ежелгі Үндістанның құқықтық жүйесі

Құқықтың негізгі қайнар көздері — Ведалар (діни кітаптар), дхармашастралар (діни-құқықтық ережелер). Олардың ішіндегі ең маңыздылары — Манудың дхармашастрлары (екі өлеңдік (шлок) түрінде жазылған 2685 баптан құралған 12 тараудан тұратын Ману заңдары. Құқықтық сипаттағы ережелері 4, 7, 8, 10 тарауларда көрініс тапқан.

Жеке меншік құқығы құлдарға, малға, үй мүлкіне таралды, жерге жеке меншік аса дамымады.

Отбасылық құқық касталық қағиданы негізге алды. Аралас некеге тыйым салынды немесе шек қойылды. Шудра мен брахманның некесінен туылған балалар **чандал** — қоғамнан аластатылған.


Міндеттемелік құқықта шарттардың келесідей түрлері көрініс тапты. Олар: қарыз, сыйға тарту, тасымалдау, сақтау шарттары.

Мұрагерлік құқықта мұрагерліктің екі түрі танылды. Не үлкен ұлы толығымен өзіне алатын, не ұлдардың арасында теңдей бөлінетін. Ал қыздары тек жасау алуға құқылы болатын.

Қылмыстық құқықта жеке тұлға мен жеке меншікті қорғауға қатысты нормалар ерекше орынға ие болды. Сот процесі азаматтық және қылмыстық істерге нақты бөлінбей, жарыспалылық сипатты иеленді. Істер тараптардың ынтасы бойынша қозғалатын.

ЕЖЕЛГІ ҮНДІСТАН МЕМЛЕКЕТІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ


(Маурья империясы б. д. д. VII-ғасыр)



ЕЖЕЛГІ ҚЫТАЙДЫҢ МЕМЛЕКЕТІ МЕН ҚҰҚЫҒЫ

Кезеңдер

Мемлекеттік және қоғамдық құрылым



Ежелгі Қытайдың құқықтық жүйесі

6 тараудан тұрған «Заңдар кітабы» (фацзин) (б. э. д. 5—2 ғ. ғ.) аса әйгілі болды, онда қылмыстық іс жүргізушілік сипаттағы ережелер басты орынды иеленді.

Шан мемлекетінде меншік объектілері болып мыналар табылды: мал, құлдар, үй мүлкі.
Б. э. д. 1 мыңжылдықтың екінші жартысында жерге жеке меншік пайда болды.


Міндеттемелік құқыққа сату-сатып алу, жалға алу, займ, жерді жалға алу шарттары тән болды.

Шан кезеңінің отбасы құқығында матриархаттың қалдықтары сақталып қалды. Ал Чжоу мемлекетінде патриархат орнады және көп әйел алуға рұқсат етілді.


Мұрагерлік құқық негізгі мұрагер ретінде бірінші әйелдің үлкен ұлын таныды, ал ұлы болмаған жағдайда мұра күйеуінің басқа туыстарына өтетін.

Қылмыстық құқықта мемлекеттік қылмыстарға ерекше мән береді. Олар үшін қатаң дене жазалары көзделді.


**Ежелгі Қытайдың мемлекеттік құрылысы
(Шан (Инь) және Чжоу аралығы б. д. д. VIII—XI ғасырлар)**




**Тан дәуіріндегі Қытайдың мемлекеттік құрылысы
(VI—IX ғасырлар)**




Қытайдың мемлекеттік құрылысы
(Алан (Инь) және ЧЖОУ аралығы б. д. д. XVIII—XI ғасырлар)



**Мин дәуіріндегі Қытай мемлекеттінің құрылысы
(XIV-XVII ғасырлар)**





ЕЖЕЛГІ СПАРТАНЫҢ МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҒЫ

Мемлекеттік және қоғамдық құрылым

Құқықтық жүйе

Б. д. д. 8—7 ғ. ғ. Ежелгі Грецияда, соның ішінде Спартада құлиеленушілік мемлекеттер қалыптасты.

Үстемдік құрушы табы **спартиаттар** (8 мың адам) болып табылды. Спартиаттардың ұйымдастырылуы рулық сипатты иеленді. Олар 3 филге бөлінді. Әрбір фил 10 обадан, оба 10 триакидтан тұрды.

Әлеуметтік және мемлекеттік құрылымның төменгі сатысында **илоттар** — жаулап алынған аумақтардың тұрғындары және периэкттер — жеке бостандыққа ие. Алайда, спартиаттарға салық төлеуші тұрғындар тұрды.


Құқықтың негізгі қайнар көзі, яғни **ретралар** — Спарта заңдары болып табылды. Спартаның негізін қалаған Ликруг патша «Ликруг ретрасы» деп аталған заңдар жинағын қабылдады.

Спартада мемлекеттік биліктің жоғарғы органдары мыналар болып табылды: **апелла** — халық жиналысы, **герусия** — 30 героннтан тұрған ақсақалдар кеңесі, геронттардың құрамына 2 патша **базилевстер** (архагет) де кіреді. Олар Герусияның келісімінсіз шешім қабылдай алмайтын. **Эфорат** — герусия мен архагеттерді бақылайтын 5 адамнан құрылған комиссия.

ЕЖЕЛГІ АФИНАНЫҢ МЕМЛЕКЕТІ МЕН ҚҰҚЫҒЫ

Афины мемлекетінің қалыптасуы б. д. д. 7 ғасырда аяқталды. Мемлекет басында тұрған базилевс Тесейдің реформаларымен **синойкизм** деп аталған 4 тайпаның бірлестігі құрылды. Халықты **эвпатридтерге** (ақсүйектер), **геоморларға** (жер өндеушілер), **демиургтарға** (қолөнершілер), **феттарға** (кедейлер) сословиелік бөлу енгізілді.

Ежелгі Афинаның мемлекеттік құрылымы



Ежелгі Афинаның құқықтық жүйесі

Құқықтың негізгі қайнар көзі **әдет-ғұрып** болып табылды. Заңдар б. д. д. 621 жылы пайда болды. Ол «Драконт заңдары» деп аталды және айрықша қатандықпен ерекшеленді.

Жеке меншік институты аса дамымады. Меншік мемлекет беретін игілік ретінде қарастырылды.


Азаматтық айналымда сату-сатып алу, жалға алу, тапсырма, комиссия, серіктестік сияқты шарттар қолданылды.

Неке — отбасылық құқық әйелді әрекетке қабілетсіз деп таныды. Неке азаматтардың міндеті ретінде қарастырылды және оның негізгі мақсаты **бала туу** болып табылды.

Қылмыстық құқық еркін адамдар мен құлдарды жазалау мәселесінде нақты ажыратылды. Құлдар дене жазаларымен жазаланатын. Еркін адамдар өлтірілетін, мемлекет аумағынан қуылатын, азаматтық құқықтарынан айырылатын және т. б.

Сот процесі екі тәртіп бойынша бөлінді: 1) істер жәбірленушілердің ынта білдіруі бойынша қозғалатын; 2) кез-келген азаматтың ынтасы бойынша қозғалатын. Іс бойынша шешім құпия дауыс беру арқылы шығарылатын, дауыстар тең болған жағдайда сотталушы ақталды деп саналатын.

**Афинаның мемлекеттік құрылысы
(б. д. д. V ғасыр)**



ЕЖЕЛГІ РИМНІҢ МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҒЫ

Ежелгі Римнің мемлекеті мен құқығы тарихының кезеңдері

1 кезең — (патшалық) алғашқы қауымдық құрылымның ыдырауы және құлиеленушілік мемлекеттің құрылуы (б. д. д. 753 ж. Рим құрылғаннан бастап б. д. д. 509 ж. соңғы Рекс (патша) Тәккаппар Тарквиний қуылғанға дейін).
2 кезең — Республика кезеңі (б. д. д. 509—27 жж.)
3 кезең — Империя (монархия) кезеңі (б. д. д. 27 ж. — б. д. 476 ж.), ол өз ішінде екі кезеңге бөлінді: **а)** принципат — (б. д. д. 27 ж. — б. д. 284 ж.) **б)** доминат — (б. д. 284—476 жж.)

Мемлекеттік және қоғамдық құрылым

1 кезең. Рекс (патша).
2 кезең. Халық жиналыстары (центуриаттық, трибуттық, куриаттық комициялар.)
3 кезең. **а)** Римді принципс басқарады, ал қалған органдар формальды түрде қызмет етеді. **б)** Римді шексіз билікті иемденген император басқарды.

Жоғарғы топты **патрицийлер** құрады, олардан кейін **плебейлер** тұрды, бөлек топты шетелдіктер (**перегриндер**) құрады, төменгі топты құлдар құрады.

1 кезең. Сенат — 300 рудың ақсақалдар кеңесі, ол патшаның жанындағы кеңесуші орган рөлін атқарады.
2 кезең. Сенат — халық жиналысы қабылдаған заңдарды бекітті, «сенатус-консульт» шешімдердің шығарды.
3 кезең. Императордың жанындағы мемлекеттік кеңес.

1 кезең. Халық жиналысы — 300 рудың толыққұқылы өкілдерінен тұрды.
2 кезең. Магистратуралар — мемлекеттік басқару мен сот өндірісінде бақылау жасады, ординарлық және экстраординарлық болып бөлінді.
3 кезең. Императордың жанындағы қаржылық кеңес.

1 кезең. Абыздар (авгурлар) алқасы.

2 кезең. Ординарлық магистратуралардың басында 2 консул тұрды (азаматтық және әскери).
Магистратуралардың құрамына мыналар енді: преторлар, цензорлар, эдилдар, квесторлар, плебейлік төтенше жағдайларда Сенат консулдарға 6 ай мерзімге диктаторды тағайындауға тапсырма берді. Магистратуралар экстраординарлық түрге айналып, диктаторға бағынды.

1, 2 кезеңдер Рим жаулап алған жерлердің барлығы Римнен тағайындалған магистраттармен басқарылатын.
3 кезең. Империя Шығыс және Батыс диоцездерге бөлінді, оларды император-августар басқарды, одан кейін преторий префекті басқарған диоцездер, ректорлар басқарған провинциялар тұрды. Төменгі әкімшілік-аумақтық бірлік — қауым (декурион).

Әскерді мүліктік ценз бойынша 5 топқа бөлінген барлық толыққұқылы азаматтар құрады.

Ежелгі Римнің құқықтық жүйесі

12 кесте заңдары — Рим құқығының ежелгі қайнар көзі 3 ғасырдың соңында Грегорнан және Гармогениан кодекстері. Б. д. д. 12 ғасырда император Юстинианның тұсында рим құқығының соңғы жүйеленуі жүзеге асты. Ол «Азаматтық құқық ережелері» (Корпус Юрис-Цивилис) деген атқа ие болды.


Меншік құқығы жақсы дамыды және тұлғаның мүлікті иелену, билік ету және пайдалану құқығы ретінде анықталды. Меншікті иеленудің екі түрі ажыратылды: цивильдік құқыққа негізделген, «халықтар құқығына» негізделген. Бөтен мүлкіне құқықтың мынадай түрлері дамыды: **ипотека, сервитут, суперфиций.**

Міндеттемелік құқыққа сәйкес міндеттемелердің екі түрі болды: шарттардан және деликтілерден (зиян келтіруден) туындаған.


Неке-отбасылық және мұрагерлік құқық: 1 кезең. Отбасы иесінің шексіз билігі. 2 кезең. Әйелдер белгілі бір дербестікті иеленді. 3 кезең. Конкубинат — некеден тыс қатынастар дамыды. Заң бойынша және өсиет бойынша мұрагерлік танылды.

Қылмыстық құқық қылмыстарды жеке және жариялық сипаттағы (яғни, тұлғаға және мемлекетке қарсы) деп бөлді.


**Рим республикасының мемлекеттік құрылысы
(б. д. д. V—IV ғасырлар)**



Принципат кезіндегі Римнің мемлекеттік құрылысы
(б. д. д. 27 ж. — б. д. 284 ж.)



**Доминат кезіндегі Римнің мемлекеттік құрылысы
(б. д. 284—476 жж.)**




ФРАНК МЕМЛЕКЕТІНІҢ МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҒЫ

Франк мемлекетінің мемлекеті және құқығы тарихының кезеңдері

- 1 кезең — Меровингер монархиясы (6—7 ғғ.)
2 кезең — Каролингтар монархиясы (8—9 ғғ.)

Мемлекеттік және қоғамдық құрылым



Франк мемлекетінің құқықтық жүйесі

Құқықтың негізгі қайнар көзі ретінде «Варвар шындығы» түріндегі әдет-ғұрып нормалары болып табылды. Соның ішінде кең таралғаны «Сали шындығы» болды.

Міндеттемелік құқықта мынадай шарттардың түрлері кездесті: сату-сатып алу, айырбас, сыйға тарту, ссуда, қарыз.

Некеге тұру жігіттің қызды сатып алуы арқылы жүзеге асырылды. Жақын туыстар арасында және еркін адамдар мен құлдар арасында некеге тұруға тыйым салынды.

Жылжымалы мүліктер балаларының арасында тартылды. Олар жоқ болған жағдайда жақын туыстарының арасында үлестірілді.

Сот процесі айыптау сипатында және істі қозғау талапкер немесе жәбірленушінің бастамасымен жүзеге асырылады. Тараптардың сайысушылығы кең таралды.

**Франк мемлекетінің құрылысы (VIII—IX ғғ.)
(Ұлы Карлдың империясы)**




ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ФРАНЦИЯНЫҢ МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҒЫ

Францияның мемлекеті мен құқығы тарихын кезеңдендіру

- | |
|---|
| <p>1 кезең — феодалдық бытыраңшылдық (19—12 ғғ.)</p> <p>2 кезең — сословиялық өкілдік монархия (14—15 ғғ.)</p> <p>3 кезең — 16—18 ғасырлардағы абсолюттік монархия</p> |
|---|

Францияның мемлекеттік және қоғамдық құрылысы



Францияның құқықтық жүйесі


- 1 кезең.** Құқықтың негізгі көздеі **кутюмдер** саналды.
- 2 кезең.** Кутюмдердің «Қасиетті Людовик мекемелері» жинағы.
- 3 кезең.** Корольдік актілер.

Жерге мемлекеттік құқығы аллодтар бенефицишілер түрінде рәсімделді. Пайдаланылған келісім шарттар: сатып алу-сату, жерді жалға алу, қарыз беру, сыйға тарту.


Некелік-отбасылық құқық канондық және ақсүйектік құқықпен реттелді, мұрагерлік заң және өсиет бойынша жүргізілді.

Қылмыстық құқық жеке адамға, өкіметке, дінге қарсы қылмыстарды олардың тиісті жазалау ауырлықтары бойынша дәл жіктен бөлді. Процесс екі сатылы: құпия іздестіру және көпшілік алдында соттар.


Ерте-феодалдық Францияның мемлекеттік құрылысы (IX—XIV ғғ.)



Францияның мемлекеттік құрылысы (XIII—XV ғғ.)




Франциядағы шексіз монархияның мемлекеттік құрылысы




ОРТАҒАСЫРЛЫҚ АНГЛИЯНЫҢ МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҒЫ

- 1 кезең — ертефеодалдық ағылшын-саксондық монархия (10—11 ғғ.);
- 2 кезең — ағылшындық феодализмнің қалыптасуы (11—13 ғғ.);
- 3 кезең — сословиелік-өкілдік монархия (13—14 ғғ.);
- 4 кезең — абсолюттік (шексіз) монархия (15 ғ. — 17 ғ. бірінші жартысы).


Мемлекеттік және қоғамдық құрылым




Ортағасырлық Англияның құқықтық жүйесі




Феодалдық Англияның мемлекеттік құрылысы (XI ғғ.)




Англиядағы сословиелік-өкілдік монархияның мемлекеттік құрылысы (XIII—XIV ғғ.)




Англияның мемлекеттік құрлысы (XIII—XVI ғғ.)



Англияның данқты төңкерістен кейінгі мемлекеттік құрылысы



Англияның протекторат кезіндегі мемлекеттік құрылысы (1653—1658 жж.)



ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ГЕРМАНИЯНЫҢ МЕМЛЕКЕТІ МЕН ҚҰҚЫҒЫ

Ортағасырлық Германияның тарихи кезеңдері

1 кезең — Герман ұлтының Қасиетті рим империясының ертефеодалдық монархиясының құрылуы (10—13 ғғ.).
2 кезең — Германия князьдықтарындағы сословиелік-өкілдік монархиялар және курфюреттердің олигархиясының орнауы (14—16 ғғ.). **3 кезең** — Герман князьдықтарында князьдық абсолютизмнің орнығуы (17 ғ. — 19 ғ. басы).

Мемлекеттік және қоғамдық құрылым

1 кезең. Патша, ірі феодалда оның билігін шектеді.
2 кезең. Императордың билігі 7 курфюрстпен шектелді.
3 кезең. Номиналды император және өз державалары князьдар (Пруссияда патша).

1 кезең. Феодалдар, қалалықтар (саудагерлер және қолөнершілер), шаруалар.
2 кезең. Феодалдар, дін қызметкерлері, қалалықтар, шаруалар.
3 кезең. Феодалдар, дін қызметкерлері, қалалықтар, шаруалар.

1 кезең. Ірі феодалдар — графтар.
2 кезең. Рейхстаг — империялық сейм.
3 кезең. Рейхстагтың номиналды рөлі (Пруссияда Күпия кеңес).

1 кезең. Сот иерархиясының басында патша, ірі феодалдар.
2 кезең. Империялық сот.
3 кезең. Империялық сарайлық сот (Пруссияда Әділет департаменті).

1 кезең. Графқа бағынған феодалдар.
2 кезең. Князьдықтардан бөлектеген қалалар, өз ландтагтары бар рыцарьлық иеліктер.
3 кезең. Князьдықтардың бөлектеген қалалар, өз ландтагтары бар жекелеген князьдықтар (Пруссияда дворяндық өзін-өзі басқару).

1 кезең. Ірі феодалда өз иеліктерінде сот ретінде, сословиелік соттар.
2 кезең. Жергілікті аумақтық бірліктердің соттары.
3 кезең. Князьдықтардың жекелеген сот жүйелері.

1, 2 кезеңдер. Шаруалар қолымен біріккен рыцарьлық отрядтар.
3 кезең. Князьдықтардың тұрақты әскерлері.


Ортағасырлық Германияның құқықтық жүйесі

Құқықтың негізгі қайнар көздері германдықтардың әдет құқығы нормаларының жазбалары — Саксон зерчалосы, Шваб зерчалосы болып табылды. Қалалық құқық пен канондық құқық қатар әрекет етті. Сонымен қатар Рим құқығын қолдаудың да ерекше маңызы болды.



Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізушілік құқықтың негізгі қайнар көзі 1532 ж. жалпыгермандық «Каролина» ережесі болып табылды. Ол қылмыстардың құрамын нақты ажырата отырып реттеген.

**Германияның мемлекеттік құрылысы
(1356 жылғы Алтын Булла бойынша)**




ВИЗАНТИЯНЫҢ МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҒЫ

Византияның тарихи кезеңдері

- 1 кезең** — құлиеленушілік мемлекеттің ыдырауы және феодалдық мемлекеттің қалыптасуы (V ғ. — VII ғ. ортасы).
2 кезең — феодалдық мемлекеттің дамуы (V ғ. ортасы — IX ғ. бірінші жартысы).
3 кезең — орталықтанған феодалдық монархияның құрылуы (IX ғ. екінші жартысы — XIII басы).
4 кезең — феодалдық ыдыраушылық процесінің күшеюі (1204—1453 жж.).

Мемлекеттік және қоғамдық құрылым



Византияның құқықтық жүйесі

V ғ. — VIII ғ. құқықтың негізгі қайнар көздері — Феодосий кодексі мен Юстиниан заңдары болып табылды. Кейіннен Эклога (726 ж.), Жер туралы заң, Әскери заң, Номоканондар, Прорихон (879 ж.), Базиликтер (888 ж.), Хрисовулдар, Эпарх кітабы, Алты кітаптық (1345 ж.) — Византияның азаматтық және қылмыстық құқығының жинағы.

Меншік құқығында прония институты дамыды. Ол — жерді шартты түрде өмір бойға пайдалануға беру. Міндеттемелік құқық шарттар мен деликтілерден туындады.

Неке құқығы православиелік шіркеулік құқықпен реттелді. Мұрагерлік заң бойынша және өсиет бойынша жүзеге асырылды.


Қылмыстық құқықта қылмыстар құрамы бойынша бөлінді және жазалау жүйесі жақсы дамыды. Сот процесі либеллярлық сипатта болды. Яғни, барлық кезеңдер жазбаша түрде рәсімделді.

БОЛГАРИЯНЫҢ МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҒЫ

Болгарияның мемлекет және құқығы тарихының кезеңдері

- 1 кезең — «Жеті тайпа одағы» (7 ғ.)
- 2 кезең — бірінші Болгар патшалығы (667—1018 жж.)
- 3 кезең — Екінші Болгар патшалығы (1187—1396 жж.)

Мемлекеттік және қоғамдық құрылым



Болгарияның құқықтық жүйе

Құқықтың негізгі қайнар көзі — әдет-ғұрыптар. Византиялық Номоканондар, Эклога және жер туралы қолданылған. Анағұрлым маңызды қайнар көзі ретінде 32 тарауға бөлінген қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу және ішінара азаматтық құқық нормаларынан тұратын Адамдардың ақыреттік заңы табылды.


Жерге меншік құқығында **баштина** — мұрагерлік жолмен жер иелену, **прониялар** — әскери қызметі үшін шартты түрде жер иелену.

Мұрагерлік құқық Эклогамен реттелді.

Мемлекетке және жеке тұлғаға қарсы қылмыстар Эклогамен, меншікке қарсы қылмыстар адамдардың ақыреттік заңымен, азаматтық-құқықтық құқық бұзушылықтар Жер туралы заңмен реттелді. Жауапкершілік деңгейі мен жазаның ауырлығы кінәлінің сословиесіне қарай ажыратылатын.

СЕРБИЯ МЕМЛЕКЕТІ МЕН ҚҰҚЫҒЫ

Мемлекеттік және қоғамдық құрылым




Сербияның құқықтық жүйесі

Құқықтың негізгі қайнар көздері әдет-ғұрыптар болып танылды. Ал кейіннен 1349 жылдан бастап негізгі қайнар көз «Стефан Душанның заңы» болды. Оның баптарының басым көпшілігі қылмыстық іс жүргізушілік сипатта болды. Бұл қайнар көзбен қатар Византиялық құқықта жиі қолданылды.

Меншік құқығында келесі институттар болды: **баштина** — мұрагерлік жер иелену және **прония** — жерді қызмет етуші ақсүйектерге шартты түрде өмір бойға пайдалануға беру.

Қылмыстық құқықта қылмыстар дінге, жеке тұлғаға және меншікке қарсы болып нақты ажыратылды. Сот процесі айыптаушылық сипатта болды. Алайда, тек еркін адамдар үшін тәуелді адамдар өз феодалдары арқылы соттасатын.

Сербияның мемлекеттік құрылысы (IX—XII ғғ.)




ПОЛЬША МЕМЛЕКЕТІ МЕН ҚҰҚЫҒЫ

Польша мемлекеті мен құқығының тарихи кезеңдері

- 1 кезең** — Ерте феодалдық монархия (10—12 ғғ.)
- 2 кезең** — феодалдық ыдыраушылық (12 ғ. ортасы — 14 ғ. бірінші жартысы)
- 3 кезең** — Сословиелік-өкілдік монархия (14 ғ. — 15 ғ. ортасы)
- 4 кезең** — (15 ғ. екінші жартысы — 18 ғ. соңы) екі кезеңнен тұрады:
 - а) шляхеттік демократия;
 - б) ірі магнаттар олигархиясы

Мемлекеттік және қоғамдық құрылым



Польша мемлекетінің құқықтық жүйесі

Құқықтың негізгі қайнар көзі — Польша шындығы, Саксондық зерцало, Магдебургтық қалалық құқық.

Жерге меншік құқығы келесі нысандарда дамыды: дедин, аллодтар, бенефицилер и осадничество.

Міндеттемелердің негізгі қайнар көзі мына шарттар болып табылды: сату-сатып алу, займ, несие.

Неке — отбасы құқығы шіркеулік құқықпен реттелді.

Қылмыстық құқық қылмыстарды мемлекетке қарсы, жеке тұлғаға қарсы, меншікке қарсы деп бөлінді.

ЧЕХИЯ МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҒЫ

Чехияның мемлекеті және құқығы тарихының кезеңдері

- 1 кезең — Ертефеодалдық монархия (9—11 ғғ.)
- 2 кезең — Феодалдық ыдыраушылық (11—13 ғғ.)
- 3 кезең — Сослови́клік-өкілдік монархия (14—16 ғғ.)
- 4 кезең — Чехия Австрияның билігінде (1627 жылдан бастап)

Мемлекеттік және қоғамдық құрылым



Чехияның құқықтық жүйесі

Құқықтың негізгі қайнар көздері — әдет-ғұрыптар. Викториа Корнелиштің «Чех жерінің құқықтары туралы тоғыз кітап» (16 ғ.). Чехтық жер құқығы ережелері (15 ғ.), патша жарлықтары, қалалық, шіркеулік құқық болып табылды.

Жерге жеке меншіктің үш түрі болды: дедина — мұрагерлік жер иелену, выслуги — шартты жер иелену.

Неке-отбасы құқығы канондық құқықпен реттелді, мұрагерлік заң бойынша және тек ер адамдар арқылы ғана жүзеге асырылатын.


Қылмыстық құқықта мемлекетке, меншікке, тұлғаға қарсы қылмыстар ажыратылды.

АРАБ ХАЛИФАТЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҒЫ

Араб халифатының мемлекеті мен құқығының тарихи кезеңдері

- 1 кезең** — Мұхаммед пайғамбардың (630—632 жж.) және алғашқы 4 халифтің (Әбу Бәкір (632—634 жж.), Омар (634—644 жж.), Осман (644—656 жж.), Әли (656—661 жж.) билік құру уақыты.
- 2 кезең** — Омейядтар династиясының билігі (661—750 жж.).
- 3 кезең** — Абассидтер династиясының билігі (750—1258 жж.).

Мемлекеттік және қоғамдық құрылымы



Араб халифатының құқықтық жүйесі

Құқықтың қайнар көздері болып мыналар табылған: Қасиетті Құран, Сүннет, Иджма, Фетва. Егер мәселені шешу үшін аталған қайнар көздер жеткіліксіз болса, әдет құқығы қолданылған.


Меншік құқығының ерекшелінген екі түрі болған: мүлікті пайдалану және оған билік ету.

Халифтің жерінде бірнеше құқықтық режимдер болған: савафи — Халифтің жерлері, мүлік — мұсылмандардың жеке жерлері, хиджаз — Мұхаммед пайғамбар өмір сүрген жерлер, икта — жерді жеке тұлғаларға беру.

Отбасы — неке құқығы патриархалдық (күйеу мен әке билігі) тұрғыда негізделген, 4 әйел алуға рұқсат берілген. Мұрагерлік заң бойынша және өсиет бойынша жүзеге асырылатын.

Қылмыстық құқық қылмыстарды 3 түрге бөлген: 1) діңге, мемлекетке, отбасыға, меншікке қарсы; 2) жекелеген тұлғаларға қарсы; 3) мұсылмандардың мүдделеріне қарсы. Судья жалғыз өзі барлық істерді шешетін. Прокурор мен адвокат, қатаң іс жүргізілушілік ережелер болмаған.

Араб халифатының мемлекеттік құрылысы (622—1258 жж.)



ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҮНДІСТАННЫҢ МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҒЫ

Ортағасырлық Үндістанның мемлекеті және құқығы тарихының кезеңдері

- 1 кезең** — ерте феодалдық қатынастар Солтүстік Үндістан (5—12 ғғ.). Оңтүстік Үндістан (6—14 ғғ.). Гуптілер империясы (4—5 ғғ.) және Харш империясы (7 ғ.) — бірнеше шағын князьдықтарға бөлініп кетті.
- 2 кезең** — дамыған феодализм (13 ғ. — 16 ғ. бірінші жартысында). Делилық сұлтандық.
- 3 кезең** — 16—18 ғғ. Ұлы Моғолдар империясы.

Мемлекеттік және қоғамдық құрылым

1 кезең. Махараджалар.
2 кезең. Султан.
3 кезең. Падишах.

1 кезең. Касталық бөлініс (4 варна).
2 кезең. Жаулап алушылардан ақсүйектердің пайда болуы.
3 кезең. Әлеуметтік құрылым өзгермеді.

1 кезең. Монтр и паришад — басты кеңесші.
2 кезең. Диуан-ивазират (қаржылық ведомство), диуан-и-инша (басшының поштасы), диуан-и-расалат (діни істер), диуан-и-кази (сот істері), арид-и-мамалик басқарған әскери ведомство.
3 кезең. Мир-бакши басқарған әскери ведомство және диуан басқарған қаржылық ведомство, ведомстволар.

1 кезең. Князьдық отрядтар және шарулар жасақтары.
2 кезең. Сұлтан Гвардиясы, соғыс болған жағдайда — жасақ.
3 кезең. Джагирдарлар отрядынан құралған әскер.

1 кезең. Гонтри немесе упарика басқаратын провинциялар (деша, бухти). Одан кейін округтар тұрды, төменгі аумақтық бірлік — грамник басқаратын қауым.
2 кезең. 23 провинциялар, ірілері облыстарға — шикаларға, ал облыстар аудандарға — парганаларға бөлінді.
3 кезең. Хакимдер басқаратын 15 облыс және хакимдерден тәуелсіз сайланатын фоуджи-дарлар — әскербасылар, го-машттар — салық жинаушылар, котвалдар — қала басшылары.

Ортағасырлық Үндістанның құқықтық жүйесі

Құқықтың негізгі қайнар көздері.

1 кезең. Дхармашастралар.

2 кезең. Құқықтың мұсылмандық қайнар көздері.

3 кезең. Құқықтың мұсылмандық қайнар көздері.

Жерлердің құқықтық режимі:

1 кезең. Мемлекеттік жер келесідей бөлінді: **халиса** — салық шенеуніктері пайдаланатын жерлер және **икта** — иктадарлардың иелігіндегі жерлер. Ал жеке меншіктегі жерлер вакуф пен сульк деп бөлінді.

2 кезең. Мемлекеттік жер төмендегідей бөлінді: **халиса** — мемлекеттік жер, **джагира** — әскер қызметі үшін шартты иелік.

Жерге жеке меншіктің келесі нысандары болды: **союргаль** — мұсылмандық дін қызметкерлеріне және ақсүйектеріне берілген жер және **заминдарлар** — жері бағындырылған үндіс феодалдарының жерлері.

Барлық мәселелер мұсылмандар үшін шарифатпен және үндістер үшін үнділік құқықпен реттелетін.

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚЫТАЙДЫҢ МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҒЫ

Ортағасырлық Қытайдың тарихын билік етуші династиялар бойынша кезеңдергі бөлу

- 1) Цзинь династиясы (265—420 жж.) — Қытайдың бірігуі.
- 2) Тобилық Солтүстік Вэй династиясы (5 ғ. соңы) Солтүстік Қытай.
- 3) Суй династиясы (581—618 жж.) — Солтүстік және Оңтүстік Қытай қайта біріктірілді.
- 4) Тан династиясы (618—907 жж.) 907—960 жж. ауыспалы кезең (көптеген мемлекеттерге және иеліктерге ыдырау).
- 5) Сунн династиясы (960—1271 жж.).
- 6) Монғолдық Юань династиясы (1271—1368 жж.).
- 7) Мин династиясы (1368—1644 жж.).
- 8) Маньчжурлық Цин династиясы (144—1911 жж.).

- 1) Барлық династияларда мемлекет басында император, ыдыраушылық кезеңінде князьдар тұрды.
- 2) Императордың жанынан жоғарғы шенеуніктердің үш палатасы құрылды.
- 3) Император және 2 цзайсян.

Феодалдар, әртүрлі кезеңдерде ақсүйектер жаулап алушылардың құрамынан пайда болды: шаруалар, қолөнершілер, саудагерлер, құлдар.

- Алғашқы екі кезеңде басқаруды император сарайының шенеуніктері жүзеге асырды.
- 4) 6 ведомство (шендер, қаржылық, рәсімдер, сот және жазалау, қоғамдық жұмыстар).
 - 5) Үш палата (заң шығарушылық, атқарушы және салтанат өткізуші) және 6 ведомство.
 - 6) Мемлекеттік құрылым өзгермеді.
 - 7) Монғолдар бұрынғы әкімшілік жүйені сақтап қалды.
- Басқа династияларда мемлекеттік құрылым өзгермеді.

Аумақ губернаторлар (князьдар) басқарған провинцияларға бөлінді.

Соттар әкімшіліктен бөлінбеді, жергілікті жерлерде сот өкілеттіктерін облыс басшылары жүзеге асырды.

Ортағасырлық Қытайдың құқықтық жүйесі

Құқықтың негізгі қайнар көзі Конфуций ілімі болып табылды. Бұл ілім жоғарыға бағынуды уағыздады және сипаты бойынша этатистік ілім болып табылды.

7 ғ.-да «Қылмыстық құқықтағы қылмыстар тізімі» атты қылмыстық құқық жинағы жасалды. Қылмыстардың басым көпшілігі өлім жазасымен жазаланды. Себебі, конфуцизм дене жазаларына тыйым салған болатын.

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ЖАПОНИЯНЫҢ МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҒЫ

Ортағасырлық Жапония мемлекеті және құқығы тарихының кезеңдері

- 1 кезең — Ертефеодалдық монархия (6—7 ғғ.).
- 2 кезең — Дамыған феодализм (12 ғ. — 15 ғ.).
- 3 кезең — Кейінгі ортағасырлық (16—18 ғғ.).

Мемлекеттік және қоғамдық құрылым

- 1 кезең. Император — «аспан ұлы».
- 2 кезең. Номиналды билігі бар император және сегун.
- 3 кезең. Император. Ал 1603 ж. бастап сегун (бас қол-басшы) Токугава руынан шыққан.

Ақсүйектер, феодалдар және қызметкер ақсүйектер (кейінірек әскер самурайлар сословиесу), саудагерлер, қолөнершілер және шаруалар.

- 1 кезең. Канцлердің басшылығындағы мемлекеттік Кеңес.
- 2 кезең. Самурайлардың істері бойынша басқарма — жоғарғы заң шығарушы орган және жоғарғы сот.
- 3 кезең. Бірінші министр (сегуннан кейінгі екінші тұлға) және Ақсақалдар кеңесі — жоғарғы кеңесі органы.


Самурайлар отрядтары және шаруалар жасақтары.

Құқықтық жүйесі

- 1 кезең. Мемлекет губернаторлар мен уездер басшылыққа берілген провинцияларға бөлінген. Провинциялар толық билікке иеленген сегунның көмекшілерімен сюр басқарылды.
- 3 кезең. Жергілікті жерлерде губернаторлар және сегунның шенеуніктері бақылау және тексеру қызметін атқарған.

Жапондық феодалдық құқығы қытай құқығына және конфуций іліміне негізделді. Қылмыстық, азаматтық және әкімшілік құқық бұзушылықтар арасында нақты айырмашылықтар болмады. Анағұрлым кең тараған қайнар көз ретінде «Жүз заң» (1742 ж.) қолданылған. Онда қылмыстық-азаматтық және процессуалдық нормалардың айырмашылығы нақты көрсетілмеген.

Жапонияның мемлекеттік құрылысы (VII ғ.)



ЖАҢА ДӘУІРДЕГІ ҰЛЫБРИТАНИЯ

Ұлыбританияның тарихын мемлекеттік режимдерге сәйкес кезеңдерге бөлу

1 кезең — XV ғ. басы — 149 ж. шексіз монархия.
2 кезең — 1649—1659 жж. Индепенденттік республика.
3 кезең — 1659—1689 жж. Стюарттардың реставрациясы.
4 кезең — 1689 ж. — қазіргі кезге дейін. Конституциялық монархия.

1 кезең. Патша.
2 кезең. Лорд-протектор.
3 кезең. Патша.
4 кезең. Патша.

Феодалдар: лордтар, дің қызметкерлері, жаңа дворяндар — «джентри», шаруалар, қалалықтар, буржуазия, қолөнершілер, саудагерлер.

1 кезең. Екі палаталы парламент.
2 кезең. Бір палаталы парламент.
3 кезең. Екі палаталы парламент.
4 кезең. Екі палаталы парламент.

Аумақ графтықтарға, графтықтар округтарға бөлінді.

1 кезең. Шенеуніктік аппарат.
2 кезең. Мемлекеттік кеңес.
3 кезең. Ескі шенеуніктік аппарат.
4 кезең. Министрлер кабинеті.

1 кезең. Тұрақты патша әскері.
2 кезең. «Жаңа үлгіледі» әскер


1 кезең. Ескі соттармен қатар Жұлдызды палата және Жоғарғы комиссия (саяси трибуналар) әрекет еткен. Бірақ, бұлар кейін таратылған.
2 кезең. Әділдік соттары және жалпы құқық соттары.
3 кезең. Англияның жоғары соттары құрамы Жоғары сот пен Апелляциялық соттан тұратын Жоғарғы сотқа бірікті.

ЖАҢА ДӘУІРДЕГІ ГЕРМАНИЯ

Германияның тарихын мемлекеттік режимдер бойынша кезеңдерге бөлу

- 1 кезең** — 1814—1867 жж. Әртүрлі мемлекеттік режимдерге ие 34 мемлекеттен құралған Герман одағы.
2 кезең — 1867—1871 жж. Солтүстік-Германдық одақ.
3 кезең — 1871—1918 жж. 22 мемлекеттен, монархиялардан және еркін қалалардан құралған Герман империясы.


Мемлекеттік және қоғамдық құрылым



ЖАҢА ДӘУІРДЕГІ АҚШ МЕМЛЕКЕТІ МЕН ҚҰҚЫҒЫ

АҚШ-тың тарихын маңызды оқиғалар бойынша кезеңдерге бөлу

- 1 кезең** — АҚШ Британияның колониясы ретінде (17 ғ. басы — 1775 ж.)
- 2 кезең** — 1781 ж. АҚШ конфедерациясының құралуы.
- 3 кезең** — 1787 ж. Конституцияны қабылдау және федерацияның құрылуы.
- 4 кезең** — 18 ғ. соңы мен 19 ғ. басындағы АҚШ.



ЖАҢА ДӘУІРДЕГІ ФРАНЦИЯНЫҢ ТАРИХЫН МЕМЛЕКЕТТІК РЕЖИМДЕР БОЙЫНША БӨЛУ


1 кезең — 15 ғ. басы 1789 ж. Абсолюттік монархия.
2 кезең — 1789—1792 жж. Конституциялық монархия.
3 кезең — 1792—1793 жж. Жирондистік республика.
4 кезең — 1793—1794 жж. Якобиндер республикасы.
5 кезең — 1794—1799 жж. Директория (Термидориандық республика).

6 кезең — 1799—1814 жж. Консулдық және империя.
7 кезең — 1814—1830 жж. Легитимді монархия.
8 кезең — 1830—1848 жж. Шілделік монархия.
9 кезең — 1848—1852 жж. Екінші республика.
10 кезең — 1852—1870 жж. Екінші империя.
11 кезең — 1870 ж. Екінші республиканың қалпына келтірілуі.

1 кезең. Құрылтай жиналысы.
2 кезең. Бірпалаталық Ұлттық жиналыс.
3 кезең. Заңшығарушы жиналыс.
4 кезең. Заңшығарушы корпус.
5 кезең. Екі палатадан тұратын Заңшығарушы корпус: Ақсақалдар кеңесі және Бесжүздік кеңесі.

6 кезең. Мемлекеттік кеңес. Заңшығарушы корпус. Трибунат, Қорғаушы сенат.
7 кезең. Парламент (Пэрлар палатасы және Депутаттар палатасы).
8 кезең. Парламент.
9 кезең. Ұлттық жиналыс.
10 кезең. Мемлекеттік кеңес, Заңшығарушы корпус. Сенат.
11 кезең. Заңшығарушы корпус.

1 кезең. Муниципалитеттер жергілікті жерлердегі билік органдары, ел 83 департаментке бөлінген.
2 кезең. Департаменттер, округтер, кантондар.
3 кезең. 4 кезең. Елдің әкімшілік-аумақтық бөлінісі өзгермеді.
5 кезең. Департаменттер, округтер, коммуналар.
6 кезең. Департаменттер, округтар, префекттер, супрефекттер және мэрлер басқарған коммуналар.
7 кезең. 8 кезең. 9 кезең. 10 кезең. 11 кезең. Әкімшілік-аумақтық бөлініс өзгермеді.




ЖАҢА ДӘУІРДЕГІ ҚЫТАЙ

Жаңа дәуірдегі Қытай тарихын мемлекеттік режимдер бойынша бөлу

- | |
|--|
| <p>1 кезең — Маньчжурлық Цин династиясы (1644—1911 жж.).</p> <p>2 кезең — «Ұлы жақсылықтардың аспан мемлекеті» атты Тайпин көтерілісі (1853—1864 жж.).</p> |
|--|

Мемлекеттік және қоғамдық құрылым



Жаңа дәуірдегі Қытайдың құқықтық жүйесі

Құқықтың негізгі қайнар көзі Конфуций ілімі болып табылды. Ол сипаты бойынша этатистік ілім болып табылды және төменгінің жоғарыға бағынуын уағыздады.

7 ғ.-да «Қылмыстық құқықтағы қылмыстар тізімі» атты қылмыстық құқық жинағы құрастырылды. Қылмыстардың басым көпшілігі өлім жазасымен жазалатын. Себебі, Конфуций ілімі дене жазаларына тыйым салған болатын.


Жаңа дәуірде Қытай құқығы өзгерген жоқ.

ЖАҢА ДӘУІРДЕГІ ЖАПОНИЯ


Жапонияның тарихын мемлекеттік режимдер бойынша кезеңдерге бөлу

- 1 кезең** — 1876 жылға дейін.
2 кезең — 1876—1889 жж. реформалар уақыты (Мэйдзи революциясы).
3 кезең — конституциялық монархия 1889—1947 жж.


Мемлекеттік және қоғамдық құрылым



Құқық жүйесі



Жапония мемлекетінің құрылысы (1889 жылғы Конституциясы бойынша)



ЛАТЫН АМЕРИКА ЕЛДЕРІНІҢ МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҒЫ

Латын Америка тарихын мемлекеттік режим бойынша кезеңдерге бөлу

1. 1492 ж. — 19 ғ. басы. Колониалдық әкімшілік.
2. 19 ғ. басы — 21 ғ. Тәуелсіз даму.

1) Испан патшасы және оның 4 вице-патшалары. Олар мына мемлекеттерді басқарды: 1 — Мексика, Орталық Америка; 2 — Перу, Чили; 3 — Венесуэла, Эквадор, Колумбия; 4 — Боливия, Парагвай, Уругвай және Аргентина.
2) Каудильо (әскери диктаторлар), кейін республика президенттері, хунта басшылары. (Тәуелсіздік алған мемлекеттер өз конституцияларын американдық үлгі бойынша жасады.)


1) Жер иеленудің екінисаны болды: асьенда — онда батырақтар (жағдайлары басыбайлы шаруаларға ұқсас) жұмыс істеді, құлиеленушілік плантациялар — онда негр-құлдар жұмыс істеді.
2) Латифундиялар (ірі жер иеліктері) — пеонаж жүйесімен (басыбайлы тәуелділік жүйесі) бірге.

1) Вице-патшалардың аппараты.
2) Президенттің үкіметтері немесе әкімшіліктері.

2) Екі палаталық парламенттер.

2) Аумақ провинцияларға немесе штаттарға бөлінді.

Латын Америкасының құқықтық жүйесі



ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢА ДӘУІРДЕГІ ИТАЛИЯ

1 кезең — 476 ж. — 17 ғ. Саяси ыдыраған мемлекет.
2 кезең — 18 ғ. соңы — 1870 ж. Біртұтас мемлекеттің қалыптасуы.
3 кезең — 1870 ж. — 20 ғ. басы. Конституциялық монархия.

Мемлекеттік және қоғамдық құрылым

1 кезең. Жеке басқарушылар.
2 кезең. Сардин патшалығының жанына бірігу, оның басында патша тұрды.
3 кезең. Патша.

1 кезең. Феодалдар, католиктік дін қызметкерлері, саудагерлер, қалалықтар, шаруалар.
2 кезең. Жоғарыдағыға ұқсас әлеуметтік құрылым және кейбір кезеңдерде — жаулап алушылардың әскери әкімшілігі.
3 кезең. Ұқсас әлеуметтік құрылым.

1 кезең. Мемлекеттердің жекелеген заңшығарушы органдары.
2 кезең. Сардин патшалығының парламенті.
3 кезең. Екі палатадан тұратын парламент: Сенат және Депутаттар палатасы.

1 кезең. Жекелеген мемлекеттердің үкіметтері, кейбір кезеңдерде — жаулап алушылардың әскери әкімшілігі.
2 кезең. Сардин патшалығының парламенті.
3 кезең. Премьер-министр басқаратын Үкімет.

Құқықтық жүйесі

1 кезең. Құқықтың өз жүйелері.
2 кезең. Францияның азаматтық және қылмыстық құқығы, Альбертин статуты.
3 кезең. Унификацияланған азаматтық, қылмыстық (қоғамдық қауіпсіздік туралы заңмен толықтырылған) және қылмыстық іс жүргізушілік құқық. Әкімшілікті қайта құруға байланысты заңдар (патша декреттері).

1, 2 кезең. Жекелеген мемлекеттердің жергілікті әкімшіліктері.
3 кезең. Провинциялардың басында префекттер, әкімшілік джунтамен, ұсақ аумақтық бірліктер — коммуналарда мэрлерді сайлаған.

ЖАҢА ДӘУІРДЕГІ ҰЛЫБРИТАНИЯНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ

Құқықтың негізгі қайнар көздері

Ұлыбританияның құқығы ескілігімен және жүйеленбеген түрімен ерекшеленеді: бір жүйеге жинақталмаған сот прецеденттері, жалпы құқық және әділдік құқығы, заңдар. Құқық жеке және жариялық деп бөлінбеген.

Конституциялық құқық: 1215 ж. Ұлы еркіндік хартиясы, 1679 ж. Хабеас корпус акт, 1701 ж. Құрылым туралы акт, 1911 ж. Парламент туралы акт.

Азаматтық құқық: заңды тұлғалар және құқықтың басқа да субъектілері траст институтын (сенімгерлік меншік) кең пайдаланды. Заттық құқық аса кең түсінікке ие болды. Заттар шынайы және материалдық деп бөлінді. Кейбір абсолюттік құқықтар (авторлық құқық және т. б.) заттық құқыққа жатты. Жерге меншіктің өз ерекшеліктері болды: барлық жер патшаның меншігі деп танылды, қалған тұлғалар жерді иеленушілер деп танылды.

Отбасы құқығы: 1836 жылға дейін шіркеулік неке сақталды. Алғашқыда отбасында ер адам басты тұлға болып саналды. Кейінірек әйелдер ерлермен теңестірілді.

Міндеттемелік құқық: міндеттемелердің жалпы түсінігі жоқ. Азаматтық құқықтың жекелеген салалықтары шарттық құқық пен деликтілерден туындайтын міндеттемелер болып табылады. Жерді жалға алу шарты ерекше орынды иеленді.

Мұрагерлік құқықтың басты ерекшелігі — өсиеттің толық бостандығы болып табылды. Мұрагерлік құқық мирасқорлықтың өзіндік ерекшеліктері болды: мұра қалдырушының құқықтары алдымен сот өкіліне, одан кейін сот тағайындаған «жеке өкілге», содан кейін ғана мұра алушыға өтеді.

Қылмыстық құқық және іс жүргізу: қылмыстық құқық ерекше консервативтік сипатты иеленді, дене жазалары ұзақ уақыт бойы сақталып келді. 18 ғасырда қылмыстық құқықты заңгер Блэкстон бір жүйеге келтірді. Қылмыстық іс жүргізудің ерекшелігі айыптаушылық және жарыспалылық процестердің үйлесуі болып табылды.

ЖАҢА ДӘУІРДЕГІ ФРАНЦИЯ ҚҰҚЫҒЫ

Негізгі қайнар көздері Конституциялар, заңдар және кодекстер болып табылды. Құқықтың жеке және жариялық болып бөлінуі орын алды.

Конституциялық құқық: Негізгі құжат 1789 жылғы Адам және азамат құқықтары туралы декларация болып табылды. Басқа конституциялық актілердің барлығы белгілі бір дәрежеде осы құжатқа негізделді.

Азаматтық-іс жүргізушілік кодекс.
Кодекс 1806 жылы 1667 жылғы Азаматтық сот әділдігі туралы ордонанстың негізінде қабылданды. Кодекс процесті тежейтін көптеген ережелерді талап ететін іс жүргізуді орнықтырды.

1810 ж. Қылмыстық кодекс 4 кітаптан тұрды: бірінші кітап қылмыстық және түзету жазаларына, екінші кітап жауапкершіліктің негіздеріне және жауапкершіліктен бастаудың негіздеріне, үшінші кітап жеке және жариялық қылмыстар мен теріс қылықтарға, төртінші кітап полициялық құқықбұзушылықтар мен жазаларға арналды.

1808 ж. Қылмыстық-іс жүргізушілік кодекс — бірінші таза іс жүргізушілік құжат, үш сатылы сот жүйесін орнықтырды. Кодекске сәйкес Қылмыстық процесс екі кезеңнен тұрды: алдын ала тергеу (іздеушілік процесс), сот тергеуі (жарыспалылық).

Конституциялық құқық: Негізгі құжат 1789 жылғы Адам және азамат құқықтары туралы декларация болып табылды. Басқа конституциялық актілердің барлығы белгілі бір дәрежеде осы құжатқа негізделді.

Азаматтық құқық: Құқықтың негізгі қайнар көзі — 1804 жылғы Азаматтық кодекс (Наполеон кодексі). Заңды тұлғалар құқық субъектісі болып танылмады. Азаматтар азаматтық құқықтардың барлығын пайдаланды, шетелдіктер мен әйелдердің құқықтары шектелді. Меншік құқығына нақты анықтама берілмегенімен, жерге жеке меншік Кодекспен нақты реттелді.


Міндеттемелік құқықта міндеттемеге нақты анықтама берілмеген. Алайда, шарттың, оның бұзылмайтындығының, тараптардың теңдігінің түсініктері айқын ажыратылған. Заттай міндеттемелер қолданыста болды.

1807 ж. француз сауда кодексі. Оның негізінде 1673 ж. «Құрғақ жердегі сауда туралы» және 1681 ж. «Теңіз саудасы туралы» заңдар тұрды. Ол азаматтық кодекске қосымша болып табылды, саудаға қатысты арнайы нормалардан тұрды. Алайда, оның нормалары жеткіліксіз болған жағдайда азаматтық кодекстің нормалары қолданылды.


Неке-отбасы құқығы әке мен күйеудің билігіне негізделді. Некеге тұру үшін екі жақтың келісімі қажет болды. Яғни, олардың мүлктік құқықтарын реттейтін неке шарты бекітілетін. Некедегі әйелде құқық қабілеттігі шектелген және әрекет қабілетсіз деп танылған.

Мұрагерлік құқық заң бойынша және өсиет бойынша мұрагерлікті таныды.

Францияның мемлекеттік құрылысы (1791 жылғы Конституция бойынша)




**Жаңа дәуірдегі Францияның мемлекеттік құрылысы
(1799 жылғы Конституция бойынша)**



ЖАҢА ДӘУІРДЕГІ ГЕРМАНИЯНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫСЫ

(1871 жылғы Конституция бойынша)



ЖАҢА ДӘУІРДЕГІ ГЕРМАНИЯНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ

Құқықтың негізгі қайнар көздері — заңдар, әртүрлі кодификациялар

1896 жылғы Германдық азаматтық ереже — белгілі бір дәрежеде рим құқығына негізделген. Бұл ереженің айрықша сипаты ретінде «адамгершілік», «ар-ождан» сияқты түсініктерге сілтеме жасайтын, құқықтық емес моральдық мазмұнға ие параграфтардың көптігі табылады. Жеке тұлғалардың құқықабілеттігі теңдік қағидасына негізделеді. Заңды тұлғалар құқық субъектілері ретінде танылды. Заттық құқық заттарды жылжитын және жылжымайтын деп бөлді. Меншік құқығының нақты анықтамасы болмады. Міндеттемелерге нақты анықтама берілді. Алайда, шарттың түсінігі ажыратылмады Шарттар шарт еркіндігі қағидасына негізделеді. Абстрактілік шарттар орын алды. Бұл шарттардың пәні міндеттеме емес, сөз беру болып табылды.

Отбасы құқығы ерінің үстемдігімен ерекшеленді. Некенің заңды нысаны азаматтық неке болып танылды. Ерлі-зайыптылардың мүліктік қатынастары неке шартымен анықталды.

Мұрагерлік заң бойынша және өсиет бойынша жүзеге асырылатын.

1897 ж. Сауда кодексі 4 кітаптан тұрды және азаматтық кодекске қосымша рөлді атқарды: 1 кітап сауда қызметіне, 2 кітап сауда серіктестіктеріне, 3 кітап сауда мәмілелері туралы ережелерге, 4 кітап теңіз құқығына арналды.

1877 ж. Азаматтық-іс жүргізушілік кодекс 10 кітаптан тұрды да, олар 1048 параграфты құрады. Тараптарға дәлелдемелер ұсынуда кең құқықтар берді. Сот тек дәлелдемелерді қабылдап бағалайтын.

1871 жылғы Қылмыстық ереже 3 бөлімнен тұрды. Бірінші бөлімінде қылмысты, теріс қылықты және полиция қызметкерлерінің құқық бұзушылығын, Германия азаматтарының шетелде жасаған қылмыстарын шектейтін нормалары көрініс тапқан. Екінші бөлімінде қылмыстың сатылары, қылмысқа қатысушылық, қылмысты ауырлататын және жеңілдететін мән-жайлар туралы нормалар көрсетілген. Үшінші бөлімінде жекелеген қылмыстардың құрамын сипаттаған, яғни ерекше бөлімді құрады. Сонымен қатар, бұл Ережеде саудадағы дәрменсіздік туралы нормалар мен дінге қарсы қылмыстар көрініс тапты.



1877 ж. қылмыстық іс жүргізушілік кодексі Қылмыстық кодекске қосымша болып табылды. Процесс жарыспалылық қағидасына, тергеу сотының прокурордан тәуелсіздігіне негізделді. Алдын ала тергеу кезеңінде қорғауды жүзеге асыруға рұқсат етілді. Айыпталушы мен сотталушы тең құқықтарды иеленді. Германдық сот өндірісінің айрықша белгісі жәбірленушінің прокурормен бірігіп айыптаушы ретінде іске қатысуы болып табылды.

ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ЖАПОНИЯ

Жаңа замандағы кезеңдерге бөлу

1 кезең — 1889—1947 жылдар. Конституциялық монархия.
2 кезең — Соғыстан кейінгі даму. 1947 ж. — қазіргі кезге дейін.

Мемлекеттік құрылым

1 кезең. Император — I Дүниежүзілік соғыстан соң, оның билігінің күшеюі.
2 кезең. Император — мемлекет пен халықтың тұтастығының рәмізі (таққа отырады, бірақ билігі жоқ).

1 кезең. Парламент (Пэрлар палатасы және Депутаттар палатасы).
2 кезең. Парламент (Кеңесшілер палатасы және Өкілдер палатасы).

1 кезең. Жоғарғы империялық сот.
2 кезең. Жоғарғы сот конституциялық әділеттің органы ретінде.

2 кезең. Ел префекттер басшылық ететін префектураларға бөлінген.

1 кезең. Министр-президент басшылық ететін министрлер кабинеті.
2 кезең. Парламент ұсынатын Премьер-министр басшылық ететін министрлер кабинеті.

1 кезең. Еуропалық үлгідегі қазіргі кезгі әскер.
2 кезең. Әскер таратылды. Оның орнына «Өзін-өзі қорғау күштері» құрылды.

ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ИТАЛИЯ

Қазіргі замандағы Италия тарихының кезеңдері

1 кезең — Фашистік диктатура 1922—1943 жж.
2 кезең — Республикалық кезең 1947 ж. бастап қазіргі кезге дейін.

Мемлекеттік құрылым

1 кезең. Монарх (номиналды).
2 кезең. Президент.

1 кезең. Екі палаталық парламент: Фашалар палатасы және Корпорациялар палатасы.
2 кезең. Екі палаталық парламент: Депутаттар палатасы және Сенат.

1 кезең. Сот-офицерлерден құралған саяси трибунал.
2 кезең. Магистратураның жоғары кеңесі.

1 кезең. Жергілікті деңгейде фашистік партияның мүшелері болып табылатын старосталар мен префекттер тағайындалды.
2 кезең. Ел үкіметтік комиссарлар басқаратын облыстарға, префекттер басқаратын провинцияларға және мэрлер басқаратын коммуналарға бөліді.

1 кезең. Дуче (көсем) басқаратын үкімет.
2 кезең. Премьер-министр басқаратын Үкімет.

1 кезең. Фашистік Италияның қарулы күштері.
2 кезең. Қазіргі үлгідегі әскер.

1 кезең. Полициялық соттар.
2 кезең. Мемлекеттік кеңес, есеп палатасы, кассациялық және апелляциялық соттар.

Әскери трибуналдар, халықтық сот.


Әкімшілік джунтта

ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ФРАНЦИЯ

Францияның тарихын республикалық режимдер бойынша кезеңдерге бөлу

- 1 кезең** — Үшінші республика 1875—1940 жж.
- 2 кезең** — Төртінші республика 1946—1958 жж.
- 3 кезең** — Бесінші республика 1958 ж. — қазірге дейін.

Мемлекеттік құрылым



ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ГЕРМАНИЯ

Қазіргі замандағы Германияның тарихын кезеңдерге бөлу

1 кезең — Веймар республикасы 1919—1933 жж. **2 кезең** — Фашистік Германия 1933—1945 жж.
3 кезең — бөлек герман мемлекеттері 1948—1989 жж. **4 кезең** — 1990 жылдан бастап біріккен Германия.

Мемлекеттік құрылым

1 кезең. Президент. **2 кезең.** Фюрер (алғашқы уақытта рейканцлер лауазымында, кейін мемлекет басшысы ретінде).
3 кезең. ГСБП-ның (Германияның социалистік біртұтас партиясы) Бас хатшысы. **4 кезең.** Федералдық президент.

1 кезең. Парламент екі палатадан тұрды: Рейхстаг (төменгі палата). Рейхстат (Империялық кеңес).
2 кезең. Рейхстаг көріністік демонстрациялар үшін сақталып қалды.
3 кезең. ГДР-нің заң шығарушылық палатасы.
4 кезең. Бундестаг (төменгі палата) Бундесат (өкілдік орган)

1 кезең. Жоғары сот конституциялық әділдік органы ретінде жергілікті жерлердің соттары.
2 кезең. Жалпы соттармен қатар партиялық соттар жүйесі құрылды.
3 кезең. Соттардың орталықтандырылған жүйесі.
4 кезең. 5 тармаққа бөлінген сот жүйесі.

1 кезең. Ел 18 жерге бөлінді.
2 кезең. Жерлерге бөлу жойылып, мемлекет тағайындалатын шенеуніктер басқаратын облыстарға бөлінді.
3 кезең. Жерлік бөлудің орнына округтық бөлу.
4 кезең. Ел 16 жерге (земель) бөлініп, олардың басында үкімет тағайындайтын ландтагтар тұрды.

1 кезең. Канцлер басқаратын Үкімет.
2 кезең. Рейхсканцлер басқаратын Үкімет.
3 кезең. Министрлер кеңесінің төрағасы.
4 кезең. Федералдық канцлер.

1 кезең. Жергілікті жерлердегі соттар.
2 кезең. Жергілікті жерлердегі ерекше соттар жүйесі.
3 кезең. Жергілікті жерлердегі соттар жүйесі.
4 кезең. Жоғары соттың жергілікті жерлердегі бөлімшелері.

2 кезең. Вермахт — фашистік Германияның қарулы күштері.
3 кезең. КСРО Қарулы күштерінің үлгісі бойынша құрылған ГДР әскері.
4 кезең. Бундесвер — ГФР-дің қарулы күштері.

ЖАҢА КЕЗЕҢДЕГІ ҰЛЫБРИТАНИЯ

Мемлекеттік құрылым





ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ АҚШ

АҚШ-тың мемлекеттік құрылымы



АҚШ мемлекеттік құрылысы (1781 жылғы Конституция бойынша)



ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ҚЫТАЙ

Қазіргі замандағы Қытай тарихының кезеңдері

1 кезең. 1911—1947 жж. Республикалық режимнің орнауы.
2 кезең. 1947 ж. — 21 ғ. ҚХР (Қытай Халық Республикасы).

1 кезең — Президент. Бірінші азаматтық соғыстан кейін оның билігі күшейе түсті.
2 кезең — ҚХР-ның төрағасы.

1 кезең. Парламент (мэрлер палатасы және депутаттар палатасы).
2 кезең. Халық өкілдерінің бүкілқытайлық жиналысы (ХӨБЖ).

1 кезең. Еуропалық үлгідегі соттар жүйесі.
2 кезең. Жоғары халықтық сот.

1 кезең. Провинциялық бөліну.
2 кезең. Ел автономиялық аудандарға, округтерге, уездерге бөлінді.

1 кезең. Аумақтық бірліктегі соттар.
2 кезең. Үш дәрежедегі жергілікті халықтық соттар.

1 кезең. Министр-президенттің басшылығындағы үкімет болды.
2 кезең. ХӨБЖ — ұсынылған Премьердің басшылығымен Мемлекеттік кеңес.

1 кезең. Еуропалық үлгідегі қазіргі замандағы әскер.
2 кезең. Қытай халық-азаттық әскері.

ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ АНЫҚТАМАЛАР

Ежелгі Египет

Кенбет — 30 судьядан құралған Жаңа патшалық кезеңіндегі орталық сот.

Ном — әкімшілік-аумақтық бірлік.

Номарх — номның басшысы, перғауынға тәуелді лауазымды тұлға.

Патша-перғауын — Египеттегі мемлекет басшысы.

Ежелгі Вавилон

Авилум (тура мағынада «күйеу», «адам») — еркін халықтың жоғарғы тобы.

Мушкенум — еркін халықтың төменгі бөлігі.

Нубанда — жоғарғы патша шенеунігі, патша сарайын басқарушы.

Рабианум — қауымдық кеңестің басшысы.

Энси — қала-мемлекеттің билеушісі.

Ежелгі Үндістан

Ахармадьякша — сот істері бойынша жоғарғы шенеунік.

Веда — діни кітап.

Вишас — селолық қауымдастық.

Варна (каста) — қоғамның жабық әлеуметтік бөлігі.

Брахмандар варнасы — абыздар.

Кшатрийлер варнасы — әскерилер мен билеушілер.

Вайшалар варнасы — жер өңдеушілер.

Шудралар варнасы — каналушы батырақтар.

Гана — төменгі аумақтық бірлік, қауымдастық.

Дхармашастра — діни-құқықтық ережелердің жиынтығы.

Пурохита — патшаның басты кеңесшісі және абызы.

Сенапати — әскер қолбасшысы.

Чандал — шудра мен брахман әйелінің некесінен туған, қоғамнан аластатылған тұлға.

Ежелгі Қытай

Ван — билеуші, артықшылықтарды иеленген топ.

Гун — патшаның басты кеңесшісі.

Тайвей — империяның қарулы күштерінің қолбасшысы.

Чжухоу — көсем-билеуші.

Юйши дафу — бүкіл мемлекеттік аппараттың басшысы.

Ежелгі Греция (Спарта)

Апелла — халық жиналысы.

Базилевс (Архагеттер) — патша.

Герусия — ақсақалдар кеңесі.

Илот — жаулап алынған аумақтардың бағындырылған тұрғындары.

Оба — спартиаттардың рулық бөлімшесі.

Периэк — жеке бас бостандығы бар, алайда, саяси құқықтарды иеленбеген тұрғын.

Ретра — заң актісінің атауы.

Спартиат — толық құқылы азамат.

Фила — спартиаттардың ірі рулық бөлімшесі.

Эфорат — герусия мен архагеттерге бақылау жасайтын.

Бес адамнан құралған комиссия.

Афины

Архонт — сайланбалы лауазымды тұлға.

Архонт (эпоним) — архонттар алқасын басқарушы.

Архонт-базилевс — абыздық функцияларды жүзеге асырған лауазымды тұлға.

Архонт-полемарх — әскери басшылықты жүзеге асырған архонт.

Архонт-фесмофет — сот әділдігін жүзеге асырған архонт.

Ареопаг — жоғарғы сот және бақылаушылық орган (кеңесулер өткен Арес тауының атауы бойынша).

Геомор — жер өңдеуші.

Гелиэя — жоғарғы сот органы.

Демииург — қолөнерші.

Демос — қолөнершілер және шаруалар.

Метэктер — Афиныда өмір сүрген шетелдіктер.

Авгурлар — жануарлардың әрекеттері, табиғат құбылыстары негізінде адамдардың жүріс-тұрыстары туралы өз қорытындыларын беретін дің қызметкерлері.

Диоцез — империялық кезеңдегі ірі әкімшілік-аумақтық бірлік.

Доминат — шексіз монархия режимі.

Деликт — құқықбұзушылық.

Курия — Курион басқарған, 10 рудан құрылған әскери және діни бірлік.

Квестор — консулдың арнайы өкілеттіктерге ие немесе көмекшісі.

Конкубинат — некеден тыс бірге өмір сүру.

Навкрарий — округ, елдің округтік бөлінісі бойынша.

Остракизм — адамды мемлекеттен қуу.

Сисахфия — қарыздық құлдықты жою бойынша реформа.

Фет — кедей.

Эвпатрид — Афиндық еркін халық.

Ежелгі Рим

Магистратур — басқару мен сот өндіріс органы.

Төменгі магистрат — қылмыстарды тергеумен айналысты.

Патрицийлер — римдік қалалық қауымның толыққұқылы азаматтары.

Понтификтер — халықтық дәстүрлерді түсіндіруші және сақтаушы.

Претор — консулдың көмекшісі, лауазымды тұлға.

Плебейлік трибуналар — плебейлердің мүдделерін қорғаған трибун.

Принцепс — өмір бойғы және төтенше билікке ие жоғарғы республикалық магистрат.

Префектура — диоцепамен салыстырғанда империялық кезеңдегі кішкентай әкімшілік-аумақтық бірлік.

Сенат — әртүрлі кезеңдерде Ақсақалдар кеңесі, заң шығарушылық және кеңесуші орган.

Триба — 10 куриядан құралған тайпа.

Фециалдар — соғыс жариялау әрекеттерін жүзеге асырды.

Центуриаттық комициялар — халық жиналыстарының түрі.

Цензорлар — азаматтарды трибаларға, разрядтарға, центурияларға бөлу мақсатында олар үшін ценздер орнықтыратын лауазымды тұлғалар.

Эдил — полициялық міндеттерді жүзеге асырушы лауазымды тұлғалар.

Франктардың мемлекеті және құқығы

Аллод — мұрагерлік бойынша берілетін жерге жеке меншік құқығы.

Бенефиций — жерді әскери қызметі үшін шартты түрде өмір бойғы иеленуі, кейіннен жер иелену мұрагерлікке берілетін болды. Ол «феод» деген атқа ие болды.

Коммендация — өзін феодалдың қамқоршылығына беру.

Майордом — патша сарайын басқарушы.

Маршал — атты әскердің қолбасшысы.

Министериял — патша сарайын басқарушы лауазымды тұлға.

Прекарий — шаруаға белгілі бір міндеттерді орындағаны үшін жерді пайдалануға беру.

Пага — округтың атауы.

Патронат — ақсүйектердің шаруаларға қамқоршылығы.

Пфальцграф — алғашқыда құлдарға қараушы, кейіннен патша сотын басқарушы.

Тезаурарий — қазына мен байлықтарды сақтаушы.

Францияның мемлекеті мен құқығы

Бальяж — патша доменінің әкімшілік бірлігі. Оны балья басқаратын.

Вилландар — жеке бас бостандыққа ие, өз парцеллаларын сатуға құқығы бар шаруалар. Олар феодалдық міндеттерден босатылды.

Домен — патша иеліктері.

Канцлер — басқа лауазымды тұлғалардың жұмысының үстінен бақылап отырған лауазымда тұлға.

Коннетабль — патша әскерінің қолбасшысы.

Кутюмдар — әдет-ғұрыптар.

Камерарий — патша қазынасын басқарушы.

Легисттер — рим құқығын білетін заңгерлер.

Сюзеренитет (вассалитет қатынастары) — сеньор мен вассалдың арасында қалыптасқан қатынастар (қожайын — құл сипатында).

Ордонанс, эдикт — патша билігінің актілері.

Парцелла — шаруалардың иелігіндегі немесе пайдалануындағы қожайын жерінің бір бөлігі.

Превотаж — прево басқарасын округтар және олар патша доменін құрады.

Палатиндар — патша кеңесшілері.

Сервалар — жеке және мұрагерлік тәуелді шаруалар (жағдайы бойынша басыбайлы шаруаларға ұқсады).

Цензива — мұрагерлік жер үлесі.

Цензитарий — цензиваның иесі.

Англияның мемлекеті мен құқығы

Ассиздер — патшаның нормативтік актілері.

Витанагемот (Уитанагемот) — Кеменгерлер кеңесі, ерте феодалдық монархия кезеңіндегі атқарушы орган.

Джентри — ұсақ және орта феодалдардан құралған жаңа дворяндар (жағдайы бойынша буржуазияға ұқсас болып келеді).

Керлдар — шаруалар – қауым мүшелері.

Камерарий — мүлік пен қаржы үшін жауап беретін лауазымды тұлға.

Капеллан — патша кеңесін меңгеруші.

Копигольдерлер — басыбайлы шаруалардың ұрпақтары, ақшалай және заттай сипаттағы міндеттерді иеленді.

Лэттер — бағындырылған кельт тайпаларының жартылай тәуелді халқы.

Маршал — атты әскердің қолбасшысы.

Мисдиминор — теріс қылық.

«Жалпы құқық» — Вестминстерлік патша соттарының сот тәжербіесінен туындаған құқық.

«Әділдік құқығы» — канцлерлік сот қызметінің нәтижесінде туындаған сот.

Тэндар — қызмет етуші ақсүйектер.

Тризна — мемлекетке немесе патшаға сатқындық (аса ауыр қылмыс).

Фригольдерлер — жерлердің еркін иелері.

Фелония — ауыр қылмыс.

Эрлдар — ағылшын-саксондардың рулық-тайпалық ақсүйектері.

Юстициарий — патшаның көмекшісі.

Ортағасырлық Германияның мемлекеті мен құқығы

Курфюрст — ірі князь.

Рейхстаг — империялық сейм, өкілдік орган.

Чиншевик — ол үшін чинш (оброк) төлейтін бөтен жерді пайдаланушы.

Византия

Квестор — Мемлекеттік Кеңестің төрағасы.

Консistorий — Мемлекеттік кеңес, мемлекеттік басқарудың орталық органы.

Колонат — белгілі бір салықтарды төлегені үшін және міндеттерді атқарғаны үшін шартты жер пайдалану жүйесі.

Колон — өзінің жер телімі бар жер өңдеуші.

Преторий префекті — Византияның екі бөлігінің бірінің билеушісі.

Протоветиарий — лауазымды тұлғалардың бірі, сарай қызметкерлері туралы істерді қарастырады.

Параталассит — саудагерлер мен кеме иелеріне қатысты сот функцияларын атқаратын қаржылық ведомство шенеулігі.

Сенаторлар — ірі жер иеленушілер.

Болгарияның мемлекеті және құқығы

Ұлы логофет — болгар патшасының бірінші министрі.

Дука — облыс басшысы.

Отроктар — басыбайлы шаруалардың төмеңгі санаты.

Париктар — феодалдарға жеке тәуелді шаруалар (жағдайы бойынша басыбайлы шаруаларға ұқсас болып келеді)

Протоветиарий — қаржы министрі.

Протостратор — болгар патшалығының жоғарғы әскери шендерінің бірі.

Технатарийлер — қолөнершілер.

Сербияның мемлекеті және құқығы

Властелдер — ірі рулық-тайпалық ақсүйектер.

Властеличтер — властелдердің вассалдары.

Влахтар — таулықтар, халықтың мал шаруашылығымен айналысатын бөлігі.

Жупа — бірнеше тайпалардың бірлестігі және оның басшысы жупа деп аталған.

Задруга — үлкен патриархалдық отбасы.

Меропхалар — басыбайлы шаруалар.

Отроктар — үй шаруашылығында пайдаланатын басыбайлы шаруалар.

Польшаның мемлекеті және құқығы

Воеводство — әкімшілік-аумақтық бірлік.

Коморник — патша сарайын қамтамасыз ету үшін жауап беретін лауазымды тұлға.

Каштеляндар — округтарды басқарған лауазымды тұлғалар.

Можновладец-нобилдер — ірі феодалдар.

Маршалек — патша мен оның жанындағылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін лауазымды тұлға.

Подскарбий — мемлекеттің қаржыларын басқаратын лауазымды тұлға.

Скарбник — әскерді қамтамасыз ету және тиын шығару үшін жауап беретін лауазымды тұлға.

Смердтар (Кметтар) — еркін шаруалар – қауым мүшелері, кейін феодалдық-тәуелді шаруаларға айналды.

Шляхта — орта және ұсақ дворяндар (бұрын — рыцарьлар сословиесі).

Чехияның мемлекеті және құқығы

Владыкалар — қызмет етуші сословиеден шыққан феодалдар.

Владырь — княздық иеліктерін басқарушы.

Гость — салық төлей алмағаны үшін тәуелділерге айналған еркін шаруалар.

Дедина — жер учаскесі.

Дедич — мұрагерлік бойынша берілетін дединаны иеленген жеке басы тәуелді шаруа.

Жупа — әкімшілік-аумақтық бірлік.

Жупан — князь өкілдері.

Коморник — жоғарғы қазынаны басқарушы.

Каштелян — қала мен облысқа басшылық жасаған князь өкілі.

Ловчий — князь аңшылығын басқарушы.

Сарайлық жупан — князь сарайын басқарушы.

Пандар — ірі жер иеленушілер.

Рада — Кеңес, князьдың жанындағы кеңесуші орган.

Араб халифаты

Әдет — әдет құқығы.

Бәдәуиндер — мал асыраушы көшпенділер.

Вакуф (вакф) — діни ұйымдардың жерлері.

Диун — ведомство.

Имамат — халифтің діни билігі.

Икта — жерді әскери қызметі үшін шартты иелену.

Иджтихад — соттың шешім шығарудағы өзінің еркін қалауы.

Иджма — мұсылман құқығының басқа қайнар көздерімен реттелмеген мәселелер бойынша беделді ислам заңгерлері шығарған шешімдер.

Құран — діни-моральдық сипаттағы ережелерден тұратын мұсылмандардың қасиетті кітабы.

Мүлік — жеке меншік құқығы негізіндегі мұсылмандардың жер иеліктері.

Сеид — тайпалық көсем.

Сүннет — Мұхаммед (с. ғ. с.) пайғамбардың өмірі мен жүріс-тұрысы туралы хадистер жинағы.

Фетва — қоғамдық өмірдің жекелеген мәселелеріне байланысты мемлекеттік билік шешімі бойынша жоғарғы беделді діни қызметкерлердің жазбаша қорытындысы.

Хиджаз — Мұхаммед (с. ғ. с.) пайғамбар өмір сүрген, ерекше құқықтық режимдегі жерлер.

Шейх — тайпа басшысы.

Шариғат — мұсылмандардың діни-құқықтық жүйесі.

Әмірлік — халифтің мемлекеттік билігі.

Ортағасырлық кезеңдегі Үндістанның мемлекеті және құқығы

Үнділік князьдықтар

Вишая — округ.

Деша (бухти) — провинция.

Махараджа — басты князьдар.

Монтри-паришад — махараджаның кеңесшісі.

Дели сұлтандығы

Вакуф (вакф) — Дели сұлтандығындағы діни ұйымдарға тиесілі меншік.

Заминдарлар — мұсылмандарға бағынған үндістік феодалдар.

Икта — Дели сұлтандығындағы феодалдық жер иеленушілер – иктадарлардың жерлері.

Мүлік — Дели сұлтандығындағы феодал ақсүйектердің меншігі.

Паргана — Дели сұлтандығындағы әкімшілік-аумақтық бірлік (аудан).

Упарика — патшаның өкілі.

Халиса — Дели сұлтандығындағы мемлекеттік жерлер.

Шика — Дели сұлтандығындағы әкімшілік-аумақтық бірлік (облыс).

Ұлы Моғолдар Империясы

Гомашт — салық жинаумен айналысатын шенеунік.

Джагира — Ұлы Моғолдар Империясындағы шартты түрдегі феодалға тиесілі әскери жалақы.

Котвал — қала басшысы.

Мир-Бакши — әскери ведомствоның басшысы.

Мирсаман — шеберханалар мен қоймаларды қарайтын лауазымды тұлға.

Падишах — мемлекет басшысының титулы.

Садр-уссудар — діни және сот басқармасының басшысы.

Суюргаль — Ұлы Моғолдар Империясындағы жеке меншіктегі жерлер.

Фоуджи-дар — әскери қолбасшы және ол облыста хакімнен тәуелсіз тағайындалатын.

Халиса — мемлекет жерлері.

Хаким — падишахтың өкілі, облыс басшысы.

Ортағасырлық Қытайдың мемлекеті мен құқығы

Богдыхан — маньчжурлық Цин династиясы императорларының титулы.

Цзайсян — императордың көмекшісі.

Ортағасырлық Жапонияның мемлекеті мен құқығы

Бушидо (бусидо) — самурайлардың абырой кодексі, жүріс-тұрыс ережелері мен өмір салтын көрсетеді. Самурайлардың қылықтарына, әрекеттеріне өлшем болып табылады.

Синтоизм — Жапонияның мемлекеттік діні, ата-бабаларға және табиғат күштеріне табыну.

Сёгун — император әскерінің бас қолбасшысы.

Самурайлар — әскери-дворяндық сословие.

Жаңа дәуірдегі мемлекет және құқықтың тарихы (буржуазиялық мемлекет және құқық)

Ұлыбритания

Виги — өнеркәсіптік буржуазияның мүдделерін білдірген саяси партия, кейін либералдық партияға айналған.

Гомрул (автономия) — кейін заң жобасында көрініс тапқан Ирландияның автономиясы туралы идея.

Индепенденттік — пуританизмның радикалдық қанаты, орта буржуазия мен джентридің мүдделерін білдіреді.

Контрасигнатура — патша жарлығына сәйкес министр қол қойғаннан кейін ғана заңдық күшіне енетінін білдіретін ереже.

Протестантизм – хритсиан дінінің басты үш бағыттарының бірі. Ол Реформация дәуірінде 16 ғ. бірінші жартысында пайда болды (16 ғ. Еуропадағы католик дініне қарсы қозғалыс).

Петиция — патша билігіне белгілі бір талаптарды қоя отырып, өтініш түрінде жазылатын құжат.

Пуританизм — Англиядағы антиабсолютистік сипатты иеленген кальвинистік қозғалыс.

Пресвитерианство — ірі буржуазия мен жер иеленуші ақсүйектердің мүдделерін білдірді, конституциялық монархияны жақтады.

Тори — помещиктер мен қаржылық буржуазияның мүдделерін білдірген саяси партия, кейін консервативтік

партияға айналды.

Германия

Бундесрат — одақтық кеңес, герман мемлекеттерінің өкілдік органы.

Ландтаг — герман мемлекеттерінің заң шығарушы органдары.

Рейхстаг — германдық империялық парламенттің төменгі палатасы.

Франция

Жирондистер — провинциялық сауда-өнеркәсіптік буржуазияның мүдделерін білдірген саяси қозғалыс (оның көптеген басшылары Жирондэ провинциясының депутаттары болып табылды).

Фельяндер (фейяндар) — конституциялық-монархиялық буржуазия мен либералдық дворяндардың мүдделерін білдірген саяси қозғалыс.

Якобиндер — ұсақ, жартылай орта буржуазияның, қолөнершілердің, шаруалардың мүдделерін білдірген саяси қозғалыс (Қасиетті Якоба монастырының кітапханасының атауымен, яғни бұл жерде олардың жиналысы өтетін).

Қытай

Синьхай революциясы — ескі қытайлық Синь Хай күнтізбесіндегі жыл — 1911 ж. бойынша.

Тяньван — тайпин мемлекеті басшысының титулы.

Жапония

Мэйдзи революциясы — жапон тарихында Мэйдзи Реставрациясы деген атқа ие (Мэйдзи – император Муцухитоның билік ету кезеңі).

Латын Америкасының мемлекеті және құқығының тарихы

Асьенда — жеке жер иелену нысаны, асьендаларда батырақтардың еңбегі қолданылатын.

Каудильо — әскери диктатор.

Креолдар — ақ (испан) колонистерінің ұрпақтары.

Метистер — ақ (испан) колонистер мен үндістердің аралас некесінен туған ұрпақтар.

Пеон — басыбайлы шаруа.

Пеонаж — басыбайлы тәуелділік жүйесі.

Ұлыбританияның құқығы

Сот прецеденті — қазіргі кездегі ұқсас сот шешімі (әрекеті) үшін үлгі болып табылатын бұрынғы сот шешімі немесе әрекеті.

Траст (трэст) — сенімгерлік меншік институты, бір тұлға (сенімгерлік меншік иесі) оған үшінші тұлғаның

(бенефициант) пайдасына екінші тұлға (құрылтайшы) берген мүлікке билік ететін және басқаратын меншік нысаны. Мүлікті пайдаланудың мақсаттары мен табыстарын құрылтайшы анықтайды.

Францияның құқығы

Жариялық құқық — билік пен басқару органдарының ұйымдастырылуының және қызмет етілуінің тәртібін

анықтайды, бүкіл қоғам мен мемлекетті әртүрлі қолсұғушылықтардан қорғауды қамтамасыз етеді.

Жеке құқық — жеке тұлғалардың (заңды тұлғалардың) мүдделерін мемлекет пен басқа тұлғалардың тарапынан

қол сұғудан қорғауды қамтамасыз етеді.

Германияның құқығы

Кодекстің (ереженің) құрылымының «пандекттік» жүйесі — бұл жағдайда осы сала үшін ортақ институттардың нормалары жалпы бөлімде көрініс табады.

«Каучуктық» параграфтар — кеңейтілген түсіндіруді көздейтін параграфтар.

Қазіргі замандағы мемлекет және құқықтың тарихы

Жапония

Дзайбацу — ірі өнеркәсіптік концерндер.

Италия

Дуче — көсем, диктатор.

Подеста — фашистік партияның өкілі болып табылатын жергілікті әкімшілік старостасы.

Фашизм — аса реакциялық саяси қозғалыс, ал билік

нысаны бойынша — сыртқы саясаттағы жаулап алушылық стратегияны ұсаған ашық террористік әскери-полициялық диктатура.

Германия

Рейхсрат (империялық кеңес) — герман мемлекеттерінің өкілдік органы.

Фюрер — халық (ұлт) көсемі.

«Жаңа бағыт» — мемлекетті экономикаға араластыру арқылы экономиканы тұрақтандыруға және елді

Гоминьдан — Сунь Ятсен ұйымдастырған ұлттық партия.

«Мәдени революция» — партиялық және мемлекеттік органдарда тазалау жүргізумен сипатталған, өздерінің

АҚШ

тоқыраудан шығаруға бағытталған президент Ф. Д. Рузвельт ұсынған бағдарлама.

Қытай

саяси қарсылықтарына бағытталған Мао Цзедун үкіметі жүзеге асырған компания.

ҚҰҚЫҚТЫҚ МҰРАЛАР

МАНУ ЗАҢДАРЫНАН ҮЗІНДІ (Ежелгі Үндістан б. д. д. II ғ. — б. д. II ғ.)

31. Әлемнің гүлденіп, көркеюі үшін ол (Брахма) өзінің ұртынан, қолынан, санынан және табанынан (ретіне қарай) брахманды, кшатрийді, вайшийді және шудраны жаратты.

87. Ал бұл ғаламның аман сақталуы үшін ол қасиетті ұртынан, қолынан, санынан және табанынан жаратылуына орай әрқайсысына өзіне лайықты қызмет белгілеп берді.

88. Веданы оқып-үйренуді, өзіне және өзгеге арнап құрбандық шалуды, садақа үлестіру және садақа алу ісін ол брахман үшін белгіледі.

100. Әлемдегі бар нәрсе түгелдей брахмандардың меншігі, туған кездегі мәртебесінің жоғары болуына байланысты тек брахман ғана осының бәріне құқылы.

147. Мұғалім сабақ беруші адамнан он рет жоғары құрметтелуге тиіс. Әкесінің құрметі мұғалімнің құрметінен жүз рет жоғары. Анасының құрметі әкесінің құрметінен мың рет жоғары.

227. Бала туарда ата-анасының көрген қорлығын жүз жылда да қайтарып бере алмайсыз.

233. Анасын сыйлаған адам осы әлемге жетеді, әкесін сыйлаған адам орта әлемге жетеді.

349. Өзін қорғау кезінде немесе құдайы құрбандықтарды, әйелдерді және брахмандарды қорғау кезінде біреуді өлтірген адам кінәлі болмайды.

364. Еркінен тыс қыздың абыройын төккен адам дене жазасына кесілуге тиіс, ал қыздың өз еркімен абыройын төксе, онда жазаға кесілмейді.

**КӨНЕ ШЫҒЫС ВАВИЛОН ПАТШАСЫ
ХАММУРАПИДИҢ ЗАҢДАРЫНАН ҮЗІНДІ
(Ежелгі Вавилон б. ғ. д. XVIII ғ.)**

1. Егер адам ант берген адамға «адам өлтірді» деп жала жапса және оған сендіре алмаса, онда жала жапқан өлтірілуі керек.

2. Егер адам «сиқыршы» деп кінә тағып, оны дәлелдей алмаса, онда кінә тағылған адам өзенге барып құлауы керек. Егер күдікті адам суға батпаса, онда «сиқыршы» деп жала жапқан адамды өлтірілуі тиіс; суға құлаған адам жала жапқан адамның үйін алады.

3. Егер адам сот ісінде қылмыс болғанына куә ретінде сөйлеп, айтқан сөздерін дәлелдей алмаса, егер бұл іс өмір жайында болса, онда ол адамды өлтіру керек.

4. Егер адам нан немесе күміске байланысты сот ісінде куәгер ретінде сөйлеп, онда ол осындай қылмысты істерге тиесілі жауапқа тартылуы керек.

5. Егер төреші сот ісінде төрелік етсе, үкім шығарылып, мөр басылған құжат әзірлесе, кейін өз үкімін өзгертсе, онда ол төрешінің үкімін өзгерткендігін дәлелдеу. Сөйтіп, ол талап арыз үшін берілген ақшаны 12 есе артық төлеуі және жиналыста орнынан алынып, төрелік отырыстарға қатыспауы керек.

6. Егер адам құдайдың немесе сарайдың мүлігін ұрлап алса, сол адамды өлтіру керек және сол ұрлаған затты алған адамды өлтіру керек.

7. Егер адам адамның ұлынан немесе адамның қолынан куәсіз және келісімсіз күмісті, алтынды, құлынды, қойды, есекті және басқа да нәрселерді сатып алса немесе сатуға алса, бұл адам ұрыны өлтіру керек.

12 КЕСТЕ ЗАҢДАРЫНАН ҮЗІНДІ
(Ежелгі Рим б. д. д. 451—450 жж.)

1-кесте

1. Егер (кез-келгенді) сотта сөйлеуге шақыртса, онда шақырылған адам барсын. Егер ол бармаса, шақырушы куәгерлер алдында өз шақырғанын дәлелдесін. Ал содан кейін оны күштеп апарсын.

2. Егер шақырылған адам (бармай қалу үшін) ойдан сылтау шығарса немесе бармау үшін жасырын берсе, онда (оны шақырушы) келтірсін.

2-кесте

1. Сот қызметкері, аралық келістіруші немесе тартысып жатқан жақты соттық қарауға келмеуіне ауру, соттық істі қарауға болатын күннің (біреуде) опасыздық үшін айыптайтын күнмен сәйкес келуі кедергі болып, келмеуге себеп болса, онда (бұл) басқа күнге ауыстырылуы керек.

2. Куәлік түсініктемесі толық емес тартысып

жатқан адам соттық істі қарауға келмеген куәгердің үйінің қақпасына келіп, үш күн бойы бар халық есітетіндей етіп, айқайлап оны шақыруы керек.

3-кесте

1. Қарыз өтеушіге (ол өзінің қарызын мойындағаннан кейін немесе соттың шешімі қабылдағаннан кейін) 30 жеңілдік күні берілсін. 2. Белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін талапкер қарыз өтеушіні өлтірсін. Шешімнің орындалуы үшін оны сотқа әкелсін.

4-кесте

1. Егер әкесі баласын үш рет сатса, онда бала әкесінің билігінен бос болсын.

2. 12 кесте заңдарының қаулыларын қолдана отырып, өз әйеліне өзінің мүлкіне тиісті заттарды жинап алуын бұйырады.

ВИЗАНТИЯ ҚҰҚЫҒЫ
ГАЙДЫҢ ИНСТИТУЦИЯЛАРЫНАН ҮЗІНДІ
(Гай – Рим заңгері, II ғасыр)

1. Заңдар мен салт-дәстүрлерді басшылыққа алатын барлық халықтар өзінің құқығының бөлігін, барлық адамдардың жалпы құқықтарының бөлігін пайдаланады. Сөйтіп, әр халықтың өзіне жасаған, белгіленген құқығы оның жеке құқығы және азаматтық құқығы деп аталады. Ал табиғи сана барлық адамдарға берген құқық барлық халықтарда бірдей қолданылып, қорғалады және «жалпы халықтық құқық» деп аталады.

Сөйтіп, рим халқы ішінара өз құқығын, ішінара барлық адамдардың құқығы пайдаланады.

2. Рим халқының азаматтық құқығы заңдардан, плебейлердің шешімдерінен, сенаттың қаулыларынан, императордың жарлықтарынан, магистраттардың

эдиктерінен және құқықтанушылардың жауаптарынан тұрады.

3. Заң дегеніміз рим халқы құптап, қаулы еткен нәрсе; ал плебей шешімі дегеніміз плебейлер құптап, қаулы еткен нәрсе. Плебе басқа халықтардан патрицийлерді қосқандағы барлық азаматтар – «халық» сөзі арқылы халықтан ажыратылады. Плебестерге патрицийлерден басқа азаматтардың барлығы жатады. Міне, сондықтан да олар бір кезде патрицийлер өздерінің қатысуынсыз жасалып, құрастырылған плебейлердің қаулылары олар үшін міндетті емес деп тұжырымдайды. Артынан плебейлері жиналысының қаулылары барлық халық үшін міндетті делінген Гортензийдің заңы шықты.

ФРАНК МЕМЛЕКЕТІНІҢ ҚҰҚЫҒЫ (V—VI ғғ.) САЛИСТІК ШЫНДЫҚТАН ҮЗІНДІ

1. Сотқа шақыру

1. Егер король заңды түрде біреуді сотқа шақырса және ол кісі сотқа келмесе, онда келмеген 15 кісі сол тұрарлықтай 600-ден төлеуі қажет.

2. Егер кімде-кім біреуді сотқа шақырса және өзі келмесе, келмей қалуына ешқандай себеп болмаса, онда сотқа шақырған 15 адамына сол төлеуі керек.

11. Басы бостардың ұрлықтары және бұзып ұрлау туралы

1. Егер басы бостардың біреуі үйдің сыртынан 2 ден тұрарлық зат ұрласа, 600-ден айып төлейді. Бұл 15-ін сол құрайды.

2. Егер де ол үйдің сыртынан 40 ден тұрарлық зат ұрлап ұсталса, ұрлаған затпен келтірілген шығынын санамағанда, 1400 ден айып төлейді. Бұл 35 сол құрайды.

5. Егер ол есікті бұзып немесе кілтті бұзып ашып, үйге кірсе және зат ұрласа, ұрлаған затпен келтірілген

шығынын санамағанда, 1800 ден айып төлейді. Бұл 35 сол құрайды.

14. Шабуыл жасау немесе тонау туралы

1. Егер біреу еркін адамды ойламаған жерден ұстап тонаса және оның айыбы ашылса, 2500 ден айып төлейді. Бұл 62,5 сол құрайды.

2. Егер римляндық салистік варварды тонаса, жоғарыдағы айтқан заңды қолданады.

3. Егер франк римляндықты тонаса, 35 сол айып төлейді.

24. Балаларды өлтіру туралы

1. Егер кімде-кім 10 жасар баланы өлтіретін болса, онда ол адам 24000 ден айып төлейді. Ол 600 сол құрайды.

3. Егер кімде-кім екіқабат әйелге жарақат жасап, ол әйел өлсе, ол адам 2800 ден айып төлейді. Бұл 700 сол құрайды.

30. Сөзбен балағаттау туралы

1. Егер біреу екіншісін «албасты» деп балағаттаса, онда ол 3 сол айып төлейді.

2. Егер кімде-кім (әйел немесе ер адам болсын) ерікті әйелді «бұзылған» деп балағаттаса және онысын

дәлелдей алмаса, онда ол 1800 ден айып төлейді. Бұл 45 сол құрайды.

ҰЛЫ НАУРЫЗ ОРДОНАНСЫНАН ҮЗІНДІ **(Франция 1357 ж.)**

Бұл акті Франция Бас Штаттарының нұсқауымен билеуші феодал табы үшін қиын-қыстау кезеңде жазылған. Англиямен болған жүз жылдық соғыста Францияның Феодалдық шонжарлық әскерінің күйреуі (1337—1453 жж.), Париж көтерілісі (1356—1358 жж.) тақ мұрагері Карлдың едәуір жеңілдіктер жасауына мәжбүр етті.

1357 ж. наурызда шақырылған Бас штаттар реформа жобасының ауқымды жоспарын жасады.

Аса маңызды реформалар наурыздағы король ордонансында бекітілді. 67 бап кірген ордонанстың толық түрінде мемлекетті, қаржыны, сотты, әкімшілікті басқаруда Бас штаттар билігінің едәуір нығайғандығын қамтып көрсетті.

Ұлы Наурыз Ордонансы Франциядағы өкілдік монархия даму кезеңінің ең жоғарғы шарықтау шегі болды. Бірақ небәрі бір жарым ғасыр ғана әрекет етті.

Франция корольдығындағы үш сословие жиналысынан кейінгі қабылдаған жарлық, құрамына әртүрлі мәселелерді қамтыған бірнеше қаулылардан тұрады.

ЕРКІНДІКТІҢ ҰЛЫ ХАРТИЯСЫ **1215 жыл Англия**

Англияның конституциялық тарихының осы маңызды құқықтық ескерткіші бүгінге дейін Ұлыбритания мен Америка Құрама Штаттарының негізгі заңдарының бірі ретінде танылады. Тарихи құқықтық құжат ретінде де хартия айрықша қызғылықты. Ол XIII ғасыр басындағы ортағасырлық Англияның әлеуметтік топтарының күресін бейнелейді. Партия ағылшынның феодалдық мемлекетіндегі сот әкімшілігі жүйесінің маңызды заңдығы қағидаттарын қалыптастырған. Уақыт өте келе, 12, 18, 39, 49-баптары ерекше белгілі бір жүйесіз орналасқан 63 баптан тұрады.

1. Біріншіден, ағылшын шіркеуі еркін болып, өзінің тұтастығы және өзінің ешкім тиіспейтін еркіндігі құқығына ие болу үшін құдай алдында келісім беріп өзіміз және өзіміздің мұрагерлігіміз үшін мәңгілік уақытқа осы Хартиямен растадық.

Біздің корольдіктің барлық азат адамдарына біздің және біздің мұрагерлерімізден мәңгілік уақытқа төменде

жазылған еркіндіктерді иеленіп, ие болуы үшін тілек тіледік.

2. Егерде графтардың немесе барондардың біреуі немесе жауынгерлік тұрғыдан бізде тікелей ұстаушылардың бірі өлсе және ол кезде оның мұрагері кәмелетке толып, рельеф төлеуге міндетті болса, онда ескі рельефін төлегеннен кейін өз мұрасын алуға тиісті.

15. Алдағы уақытта біз еркін адамды тұтқынға алған, оның алғашқы ұлы рыцарьлыққа көтерген, алғашқы некеден туған алғашқы қызын тұрмысқа берген жағдайдан басқа жағдайларда еркін адамдарға жәрдемақы алуға рұқсат бермейміз; бұл үшін өлшеулі ғана жәрдемақы рұқсат.

16. Тиісті міндетінен басқа өзінің рыцарьлық қызметін атқаруға және басқа еркін атағына артық қызмет атқаруға ешкімді мәжбүр етуге болмайды.

**«АЛТЫН МӨР» (Булла)
(1356 ж. Германия)**

«Алтын мөр» Богемия (Чехия) королі болып тұрған бесінші Карл императордың тұсында 1356 ж. қабылданды. Оның екінші атауы «Кур-фюстер мөрі». Осы құжаттың мазмұнына мейлінше аша түсінетін атау: бөлшек-бөлшек болып кеткен Германияда ұлы князьдардың (курфюстер), ақсүйектердің саяси және экономикалық үстемдігі біржола бекіп қалды. Императорды үш қала (Майн, Кельн, Трир) және төрт зиялы княздарды сайлап алды, оларға императорлардың өктемдік жүргізуге және орнынан алуға император құқығы болды. Олардың съездері жалпы империяға байланысты аса маңызды мәселелер шешілетін. Князьдар қарауындағы жерлерде шексіз билік құрды.

«Алтын мөр» Германияда мемлекеттік құқықтың содан кейінгі дәуірлерде дами түсуіне елеулі әсер етті. Тіпті, ол XIX ғ. дейін де қолданыстан шыққан жоқ.

20-тарау. Құқықтан және оған байланысты жағдайлардан бөлінбейтіні туралы.

Барлық князьдықтар және әрқайсысы бөлек-бөлек Рим королінің сайлауында құқық және дауыс алады. Король сайлаудан кейін император болуы тиіс. Зиялы князьдар осы құқықтар, лауазымдар, атақтармен және

осылардан туындайтын басқа құқықтар бірігіп, тұтасып кететіндігі соншалық: осы құқықтар, дауыстар, лауазымдар және атақтар, сондай-ақ басқа, осы князьдардың біреулеріне қатынасы бар басқа құқықтар өзге ешкімнің қолына тимеуі тиіс.

САКСОНДЫҚ АЙНА ГЕРМАНИЯ XIII ғ. ЗЕМСТВО ҚҰҚЫҒЫ

Бірінші кітап

1-бап. Құдай христиандықты қорғау үшін жер патшалығына екі семсер берген. Бірі — діни семсері папаға, екіншісі — зиялылық семсері императорға берілген. Мұның мәнісі мынада: кімде-кім папаға қарсы шықса және шіркеу сотына бағынса, император ондай адамды зиялық сотымен папаның айтқанын тыңдауға көндіруге міндетті. Сол сияқты діни үкімет, зиялылар соты қажет етіп жатса, көмектесуі керек.

2-бап. Жасы кәмелетке толған әрбір христиан, жылына үш рет өзі тұратын епископтер шіркеу сотына қатысуы тиіс. Олар зиялылық сотына да қатысулары тиіс.

3-бап. Жеті әскери қалқан белгіленген. Бірінші қалқан корольге тиісті.

31-бап. Ерлі-зайыптылар бірге тұрған жағдайда бөлік мүлікке ие бола алмайды. Әйелі ерінің келісімінсіз

өзінің мүлкін жат қолына бере алмайды. Егер ері әйел алатын болса, ол әйелінің барлық мүлкін өз иелігіне алады және қамқоршы болады. 46-бап. Кез-келген жүгінуге, талап етуге барғанда қыздар мен әйелдердің қамқоршылары болсын.

Екінші кітап

4-бап. Сотқа келмей қалуға төрт түрлі себеп заңды деп есептеледі: тұтқынға алынумен аурулық, құдайға құлшылық жасау, қызметін шетелдерде өтеп жатса және империяға қызмет етуі.

36-бап. Кімде-кім ұрланған затты келесі күні екінші біреуден көріп қалса, соңғысы оны біреуден сатып алғандығын және оны ашықтан-ашық пайдаланып отырғандығын білдірсе және бұған куәгері бар болса, ол затпен ұсталғаны үшін кінәлі емес. Сатып алған жерін көрсетіп, соған ант ішсе, оны кінәлауға болмайды. Ол затқа ие болу құқығынан ғана айырылады.

КАРОЛИНА ЗАҢДАРЫ (1532 ж. Германия)

«Каролина» — 1532 ж. қабылданған және 1533 ж. жарияланған заң. Феодализмнің кейінгі тұстарындағы құқықтық ескерткіштерін бірі. Германияның жалпы империяда қолданылған бірде-бір заңы бола тұрып, жергілікті феодалдардың сот ісіндегі озбырлығын заңдастырғысы келді. Бірақ, «Каролинаның» басты міндеті — қаналушы бұқараны, ең алдымен шаруаларды, 1525 ж. шаруалар соғысында жеңіліп қалған шаруаларды езіп жаншу болды.

Болашақ қылмыстар туралы

XVI. Соттар мен соттың заседательдері жұрттың көзінше және ашық жасалған қылмыстар жөнінде ерекше жеткілікті хабардар болулары керек. Айыпкер басы ашық жауыздықтарын, қылмыстарын күшін салып мойындамайтын болса, сот қинап, өте қатаң түрде жауап алуы керек. Қылмысты істерге бола біржола үкім шығару үшін қылмысты адамның өзінің мойындауы немесе куәлардың айғақтары керек. Адамды жорамал бойынша жазалауға болмайды.

Кінәлі еместігін дәлелдеу

XXIII. Айыпкер өзін мұндай қылмыс жасаған

жоқпын деп теріске шығарса, онда ол адам өзінің осы қылмысқа кінәлі емес екендігін дереу дәлелдей алатынын сұрау керек. Егер айыпкердің айыпты емес екендігі дәлелденбесе, соттың кем дегенде екі заседательдің және берілген жауаптарды қаттаушының көзінше жанын қинайтын алынуы керек.

Куә адамдардың жауаптары

XXII. Куә адамдар өз көздерімен көрген ақиқатты айтуалары тиіс, өзінің білгендерін дәлелдейтін дәлелдер келтірілсін. Егер олар біреуден естігендерін айтса, оны жеткілікті дәлел деп есептеуге болмайды.

АРАБ ҚҰҚЫҒЫ ҚҰРАН КӘРІМ (ҮЗІНДІЛЕР)

Фатиха сүресі

Меккеде түскен 7 аят. Фатиха сүресі Аллаға жалбарынудың нағыз бір үлгісі.

Аса қамқор ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Барлық мақтау бүкіл әлемнің Раббы Аллаға тән.

Аса қамқор, ерекше мейірімді. Қиямет күнінің иесі.

(Әй, Алла!) Саған ғана құлшылық қыламыз, әрі Сенен ғана жәрдем тілейміз!

Бізді тура жолға сала көр!

Нығметке бөлендіргендердің жолына!

Ашуға ұшырағандардың жолына емес!

3-Али ғымран сүресі

Шың мәнінде Алла (Т)-ға жердегі, көктегі еш нәрсе жасырын емес. Ол, сондай Алла, сендерді жатырларда қалауынша бейнелейді. Одан басқа ешбір тәңір жоқ. Өте үстем, хикмет иесі. (Мұхаммед ғ.с.) сондай қарсы

болғандарға: «Тез жеңілесіндер де тозаққа жиналасыңдар. Нендей жаман орын» де.

Екі топтың (Бәдір соғысындағы) қарсыласуында сендерге бір ғибрат бар. Бір топ Алла жолында соғысады. Екінші жақ, қарсы еді. Олар мұсылмандарды көздерімен, өздеріндей екі есе көруде еді. Алла кімді қаласа, өз жәрдемімен қолдайды. Расында бұнда қырағылар үшін әрине, ғибрат бар. Адам баласы үшін қатындар, балалар, алтын мен күмістен жиналған қазыналар, сәнделген заттар, малдар және егіндерді қызыға сүю әдемі көрсетілді. Бірақ олар дүние тіршілігінің сәні. Негізінде орынның жақсысы Алланың қасында.

Әркім өлімді татады. Шын мәнінде қиямет күні ақыларын толық төленеді. Сонда кім оттан құтқарылып жұмаққа кіргізілсе, рас құтылды.

Негізінде дүние тіршілігі алданыштың ғана нәрсесі.

АНГЛИЯНЫҢ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ТӨҢКЕРІС ДӘУІРІНДЕГІ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ АКТІЛЕРІ ҚҰҚЫҚ ТУРАЛЫ ПЕТИЦИЯ (1628 ж.)

Осы парламентте жиналған рухани және зайырлы лордтар мен қауымдардың мәртебесінің қарауындағылардың әртүрлі құқықтарына қатысты ұсынған Петициясы және мәртебелі корольдің парламенттің толық жиналысында оған қайтарған жауабы.

2. Жақын арада әртүрлі ұйғарымдар шығарылды. Соған орай, әртүрлі жерлердегі сіздің халқыңыз жиналып, сіздің құзырыңызға берілуге тиісті ақшаның белгілі сомасын талқылауға кірісті және мұны жасаудан бас тартқан кейбіреулер сіздің құпия Кеңесіңізге және өзге жерлерге жауап беруге баруға мәжбүрлендірілді және басқалар да осындай себептермен ұсталып түрмеге жабылды. Олар басқа да түрлі тәсілдермен ығыстырылып, әуре-сарсаңға түсірілді; сіздің мәртебеңізбен немесе сіздің құпия Кеңестің бұйыруымен немесе нұсқауымен көптеген графтіктегі сіздің халқыңыздан корольдіктің заңдары мен еркін ғұрыптарына қарсы басқа да алымдар алынып жатыр.

11. Осылардың барлығы жөнінде олар сіздің мәртебелі жарқын жүзіңіздің алдында құлдық құра отырып, осы корольдіктің заңдары мен статустарына сәйкес өздерінің құқықтары мен еркіндіктері туралы айта келіп, сіздің мәртебеңізбен жарияланғаннан бөлек, көрсетілген тармақтардың қайсыбіріндегі халыққа залалы тиетін нәрсенің болашаққа зардабын тигізбеуді немесе мұнан былай оның үлгілі қызмет ретінде көрсетілмеуін және де сіздің қанағаттануыңызбен халықтың тынығуы үшін корольдік еркіңіз бен тілегіңізді жария етуді, сіздің барлық шенеуніктеріңіз бен лауазымды адамдарыңыз осы корольдіктің заңдары мен статустарына сәйкес қызмет етуін сұрайды.

Осы Петиция оқылғанша және оның мазмұнын король толық анықтап, парламенттің толық жиналысына жауап бергенше, былай деп тілейік: осы тілегіміздің (Ағылшын революциясының заңдары 1640—1660 жж.) жүзеге асуын қалаймыз.

ФРАНЦИЯ ҚҰҚЫҒЫ

АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ДЕКЛАРАЦИЯСЫНАН ҮЗІНДІ (1789 ж. 26 тамыз)

Франция халқының өкілдері ұлттық жиналысты құра отыра тек біліксіздік, адам құқығының ұмытылуы және оның мемлекетті қорғауы қоғамдағы күйзеліспен үкіметтегі кемшіліктің бірден-бір екенін болжай келіп, адамның табиғи ажырамас салтанатты декларациясы мен қасиетті құқығын жазуға шешім қабылдады. Себебі, мұндай декларация қоғамдық одақтың барлық мүшелерінің ұдайы көз алдында болып, олардың құқықтары мен міндеттерін үнемі еске түсіреді.

1. Адам ерікті болып туады және тең құқылы болып қалады. Ортақ пайданы ойлауда ғана айырмашылық орын алуы мүмкін.

2. Әрбір мемлекеттік одақтың мақсаты — адамның табиғи және ажырамас құқықтарын қамтамасыз ету. Олар — бостандық, жеке меншік, қауіпсіздік және қанауға қарсылық көрсету.

3. Егемендіктің қайнар көзі — халық және ол ұлтқа сүйенеді. Егер ешқандай одақ, ешқандай адам осы

қайнар көздің өзінен шықпаса, билік жүргізе алмайды.

4. Егер бостандық зияны басқа біреуге тимесе, барлығын да істеуге болады деген тұжырымнан шығады. Олай болса, әрбір адамның құқығына кездесетін шекарасы басқа қоғам мүшелерінің құқығының қолдануын қамтамасыз етеді. Бұл шекаралар тек заңмен ғана белгіленеді.

5. Заң қоғамға зиянды іс-әрекеттерге тыйым салады. Ал заңмен тыйым салынбаған нәрсеге рұқсат етілген, ешкім жазылмаған заңмен жазаға тартылмайды.

6. Заң ортақ ерікті білдіреді. Барлық азаматтар оның пайда болуына өзі немесе өзіне, өкілі арқылы қатысуына болады. Ол қараған кезде де, жазалаған кезде де барлығын бірдей қорғауға тиіс. Олардың Заң шын теңдігіне қарай барлық азаматтарға, барлық қоғамдық лауазымдарға, орындар мен қызметтерге, олардың қабілеттеріне қарай және қандай да бір басқа айырмашылықтарсыз тең дәрежеде жол ашады.

1791 ж. 21 қыркүйектегі ФРАНЦИЯ КОНСТИТУЦИЯСЫНАН ҮЗІНДІ

Мұнан былай не дворяндық, не пэрлік, не мұрагерлік, не тектік айырмашылық, II-е Феодалдық тәртіп, не вотчиналық юстиция, ешқандай титул, осы тәртіппен туындайтын атақтар мен артықшылықтар, ешқандай рыцарлық ордендер, не корпорациялар немесе тегінің асыл екенін дәлелдеуді талап ететін айырым белгілері болмайды. Тек қоғамдық, қызмет адамдарына олардың өз міндетін атқару кезінде берілген атақтан басқа ешқандай артықшылықтар болмайды.

Енді кейбір мемлекеттік қызметтер сатылмайды, мұраға берілмейді. Ұлттың басқа ешбір бөлігіне, бірде-бір жеке адамға өзгеше артықшылық немесе құқықтан үзінді болмайды және барлық француздарға ортақ құқықтан алынған артықшылық берілмейді.

Енді цехтарды тектік басқару, кәсіптік көркем немесе қолөнер корпорациялары жойылады.

Заң енді діни атты, шынайы құқыққа немесе

конституцияға қарсы келетін тағы басқа да міндеттерді мойындамайды.

Діни жарғыларды өткізу үшін кеткен шығынды толықтыруға арналған мүлік, сондай-ақ, жалпы пайдалы мекемелердің қызметін қамтамасыз ету ұлтқа тиесілі және барлық уақытта оның қарамағында болады. Конституция мүліктің шынымен оқшауландырылғанына кепілдік береді немесе белгіленген тәртіппен солай болатынына заңмен кепілдік береді.

Азаматтардың діңбасыларын таңдауға және тағайындауға құқығы бар.

Адамдардың барлығына қажет бөлігінде тегін, азаматтардың барлығына халыққа ортақ білім беру қамтамасыз етіледі және ұйымдастырылады.

Бүкіл корольдікте азаматтық ортақ, заңдар кодексі шығарылатын болады.

КОММУНА БАҒДАРЛАМАСЫ
1791 ж. ФРАНЦИЯ

Париж азаматтары! Батырлық пен ерліктің ұлы күндері жақындап келе жатыр. Бүкіл әлемнің болашағы мен еліміздің бақыты өздеріңіздің қолдарыңызда.

Жұмысшылар алданбаңдар: жатып ішу мен еңбек, қанаушы мен өндіруші арасындағы ұлы күрес келе

жатыр. Егер көргенсіздіктен шаршасаңыздар және кедейліктен жалықсаңыздар; егер сіздердің балаларыңыз өздерінің еңбегін дұрыс пайдалансын.

Бұл декрет 1793 ж. Конституцияны толықтырып, оның субъектілерінің шеңберін ұлғайтады.

ОТАР НЕГРЛЕРДІҢ ҚҰЛДЫҒЫН ЖОЮ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ
1793 ж. 04 ақпан — 11 сәуір
Франция

Бұл декрет 1793 ж. Конституцияны толықтырып, оның субъектілерінің шеңберін ұлғайтады.

Ұлттық Конвент отардағы негрлердің құлдығын жоюды жариялады. Осыған байланысты олардағы

барлық тұрғындар нәсіліне қарамай Француз азаматы болып табылады және Конституцияда белгіленген барлық құқықтарды пайдаланады.

ФЕОДАЛДЫҚ ҚҰҚЫҚТЫ ТҮБЕГЕЙЛІ ЖОЮ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ
1793 ж. 17 шілде
Франция

Ұлттық Конвент былай деп қаулы етеді:

1-бап. Барлық бұрынғы сеньориалдық төлемдер және тұрақты, сонымен бірге кездейсоқ феодалдық

құқықтар, тіпті өткен жылғы 25 тамыздағы декреттің күшімен сақталған құқықтар, ешқандай сыйлықсыз жойылады.

2-бап. Осының алдындағы баптың қаулысынан феодалдық құқықтан, туындамайтын, таза жерге қатысты ренталар мен борыштар алынып тасталынады.

6-бап. Жер тізбесін жасау жөніндегі бұрынғы селолар, комиссарлар, бұрынғы жиналыс шығарған, осы немесе осының алдындағы декреттермен жойылған құқықтарды белгілейтін немесе растайтын құжаттарды сақтаушы нотариустер және басқаларды үш ай мерзім ішінде оларды сол жердегі муниципалитеттің кеңесіне

сақтауға өткізуге міндетті. Алдағы тамыздың 10-на дейін тапсырылған құжаттар сол күні Коммунаның Бас Кеңесінің және азаматтардың қатысуымен өртеледі, қалған құжаттар 3 ай мерзім өткен соң өртеледі.

7-бап. Осының алдындағы бапта көрсетілген мерзімде өртелуге жататын құжаттардың түпнұсқасын немесе олардың көшірмесін тыққан, ұрлаған немесе жасырған адамдар бес жыл түрмеге қамауға алынады.

ФРАНЦИЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ 1795 ж.

Кіріспе

Феодалдық мемлекеттердің ең кіріспесінің бірі — Франция. Халқы — 27 миллион. Оның 1 проценті, яғни 270 мыңы феодалдар болды. Олар жердің жетіден бес бөлігін, яғни 60-70 процентін иеленді. Негізгі салықты шаруалар төледі.

1789 ж. Бас штат — құрылтай жиналысы шақырылды, ол король билігін шектеді, шіркеуге

төлейтін десятинаны алды және т. б. жеңілдіктер берілді. Бірақ шаруалар жер ала алмады.

XVIII ғ. аяғында Франция үш кезеңде басқарылды:

1-кезең — 1791—1792 жж. ірі буржуазия, банкілер, саудагерлер басқарды. Олар конституцияны өзгертпеуді қолдады;

2-кезең — 1792—1793 жж. Жирондистер партиясы басқарды. Олардың жирондистер деп аталуы, себебі лидерлері Жиронда департаментінен шыққан еді.

Жирондистер сауда-өнеркәсіп буржуазиясының, буржуазиялық интеллигенцияның, жаңа әкімшілік чиновниктерінің көзқарастарын қолдады. Бірақ, жирондистер ешқандай мәселені шеше алмады;

3-кезең — 1793—1794 жж. Якобиншілер партиясы. Олар жирондистердің қарсыластары еді. Якобиншілер

диктатурасы 1793 ж. мамыр-маусым айларында басталып, олар қызыл террор қолданды. Негізгі проблемалар, яғни соғыс, аштық мәселелерін шешті. Ұлттық мәселесін 8 аптада шешті, шаруаларға жер берді, күшті әскер жинады, алыпсатарлықты жойды.

ЯКОБИНШІЛЕРДІҢ ЖАҢА ОРГАНДАРЫ ПАЙДА БОЛУЫ

1. Қоғамдық құтқару комитеті. Оны Робеспьер басқарды. Бұл комитет барлық істерді атқарды.

2. Қоғамдық қауіпсіздік комитеті. Ол 1792 ж. қазан айында құрылған. Оның негізгі міндеті революцияға қарсы адамдарды тұтқындау, сотқа беру болды.

3. Революциялық трибунал 83 департаменттің әрқайсысында трибунал бар. Ол қылмыстық істерді қарады.

Заң шығаратын орган Конвент болды. 1793 ж. якобиншілер Конституциясы шықты, бірақ жүзеге асырылмады. Кейін якобиншілер дантонистер, эбертистер, яғни оңшыл және солшылдар болып екіге бөлінді.

1794 ж. якобиншілер диктатурасы бітіп, олардың орнына термидор реакциясы келді. Олар жаң буржуазияның көзқарастарын қолдады.

1795 ж. 22 тамызда Жаңа конституция (ІІІ жылдың конституциясы) қабылданды. Осы конституция бойынша заң шығарушы корпус 2 палатадан тұрды. Төменгі палата — 500 кеңесі, жоғары палата — ақсақалдар кеңесі 250 депутат. Атқарушы билік 5 мүшеден Директорияға берілді. Оған министрлер, департаменттік билік, әскери басқару бағынды. Директория уақыт өткен сайын көп қарсылықтарға ұшырап әлсіреді. Оның орнына Наполеон Бонапарттың уақыты келді.

**АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК
ДЕКЛАРАЦИЯСЫНАН ҮЗІНДІ
(1776 ж. 4 шілде)**

1776 ж. 4 шілдедегі Конгресте Американың он үш Құрама Штатының бірауызды декларациясы.

Оқиғаның барысы қандай да бір халықты өзін басқа халықпен жалғастыратын саяси байланысын үзуге мәжбүр еткен және басқа державалармен тең тәуелсіз жағдайға түскен кезде, онда адамзаттың пікірін сайлаушылық оны одан бөлінуіге түрткі болатын себептерді мазмұндауға міндеттейді.

Біз мына ақиқаттарды айқын деп есептейміз: барлық адамдар тең жаратылған және оларды жаратушы қатарына өмір, бостандық пен бақытқа ұмтылушылық жататын, оқшаулауға болмайтын бірсыпыра құқықтар берген. Осы құқықтарды қамтамасыз ету үшін адамдар арасында басқарылатындардың келісімімен өзінің әділетті билігін жүргізетін үкімет тағайындалған. Егер де

үкіметтің осы нысаны бұл мақсат үшін апатты бастаса, онда халық оны өзгертуге немесе құртуға, халықтың пікірі бойынша оны қауіпсіздігі мен бақытын жақсырақ қамтамасыз ететін биліктің нақ осындай қағидаттары мен ұйымдарына негізделген жаңа үкіметті құруға құқылы. Әрине, сақтық маңызы аз немесе уақытша себептерге бола, ежелден келе жатқан үкіметті ауыстырмауға кеңес етеді. Біз шын мәнінде іс жүзінде адамдар өздері үйренген үкіметтік нысандардан бас тартып, өз құқықтарын қалпына келтірілгеннен гөрі, ақырына дейін жауыздыққа көнуге бейім екенін көреміз. Бірақ, бір мақсаты таймастан көздейтін, ұшы-қиырсыз асыра пайдалануы мен пиғылы сезілгенде, ол тек құқылы ғана емес. Мұндай үкіметті құлатуға, болашақ уақытта өз қауіпсіздігін басқа күзетке тапсыруға міндетті.

КОНФЕДЕРАЦИЯ БАПТАРЫНАН ҮЗІНДІ (1781 ж. Америка)

I-бап. Бұл конфедерация «Америка Құрама Штаттары» деп аталуы тиіс.

II-бап. Әрбір штат бүкіл билік секілді өзінің үстемділігін, өзінің бостандығы мен тәуелсіздігін, барлық юрисдикциясын және конгреске жиналған Құрама Штаттарға бұл конфедерация ұсынған барлық құқықтарын сақтайды.

V-бап. Құрама Штаттардың ортақ мүдделерін ыңғайлы меңгеру үшін әрбір штатқа өзінің барлық делегаттарын немесе олардың кейбірін жыл сайын шақырып алуға, басындағы әр уақытта немесе жылдың қалған бөлігінде құқық бере отырып, Конгрестегі съезд үшін қарашаның бірінші дүйсенбісінде жыл сайын (әрбір штаттың заң шығару жиналысында бекітілген тәсілмен) делегаттар сайлануы тиіс.

Құрама Штаттардың конгресінде мәселе шешу барысында әрбір штат бір дауысқа ие болуы тиіс.

VI-бап. Құрама Штаттардың конгреске

жиналғандардың келісімінсіз бірде-бір штат қандай да бір корольге, принцке немесе мемлекетке елші жібермеуі керек және олармен кеңеспеуі, келіспеуі, одаққа кірмеуі және келісім-шарт жасамауы тиіс.

Құрама Штаттардың конгресіне жиналғандар да, әрбір жеке штатта ешқандай дворян титулдарын тарата алмайды.

Әрбір штаттар өзін қорғау үшін немесе оның сауда мүдделері үшін конгресс қанша мөлшерде қажетті деп таныса, бейбіт уақытта сол мөлшерде әскери кемелер ұстауға құқылы; штаттың сыртқы қауіпсіздігін күзету мақсатында қызмет ететін қамалдарды гарнизондар мен қамтамасыз ету үшін қажетті армияны әрбір штат бейбіт уақытта ұстауға құқылы; бірақ, әрбір штат қару-жарақпен және киіммен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілген, жақсы ұйымдасқан және тәртіпті милицияны әрқашан әзір ұстауға міндетті.

АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫНАН ҮЗІНДІ (1787 ж. 7 қазан)

Біз, Америка Құрама Штаттарының халқы, одан да дамыған одақ құру, заңдылықты орнату, ішкіаралық тыныштықты орнату, біріккен қорғанысты ұйымдастыру, жалпы тұрмысымызды ұйымдастыру және өзімізге, ұрпағымызға барлық игілікті әперу мақсатымен Америка Құрама Штаттары үшін осы Конституцияны шығарып отырмыз.

I-бап.

Бірінші бөлім

Осында айтылған барлық уәкілдік заңдылық АҚШ-тың конгресіне жатады, ал конгресс Сенат пен Өкілдер палатасынан тұрады.

Екінші бөлім

1. Өкілдер палатасы әр екі жыл сайын әр штаттың халқы сайлайтын мүшелерден тұрады. Сайланғандар штаттардың заңдылық жиналысындағы ең көп өкілдік палатасына арналған талаптарды орындайды.

2. Ешкім жиырма бес жасқа толмай және сайланатын штатта бір жыл мерзімінде тұрмай, өкіл бола алмайды.

3. Өкілдер және тікелей алым-салықтар одаққа кіретін әртүрлі штаттар арасында бөлінеді де, жалпы

халқына байланысты және бірнеше жылдар бойы істеген адамдармен қоса санау жүргізіледі.

Тек алым-салық төлемейтін үндістер ғана санауға жатпайды. Бірінші, жалпы халық санағы АҚШ Конгресінің бірінші сессиясынан бастап, үш жыл ішінде жүзеге асырылады. Одан соң заңда бекітілген тәсілмен әр он жыл сайын жүргізіледі. 30 000 халыққа 1 өкілден аспау керек. Сонда әр штатқа кем дегенде бір өкілден болады. Ал осындай санау жүргізілгенше, Нью-Хемпшир штаты — 3, Род-Айленд және Провиденс — 1, Массачусетс — 8, Коннектикут — 5, Нью-Йорк — 6, Нью-Джерси — 4, Пенсильвания — 8, Дэлавер — 1, Мэриленд — 6, Вирджиния — 10, Оңтүстік Каролина — 5, Солтүстік Каролина — 5, Джорджия — 3 өкіл сайлауға құқықты.

5. Өкілдер палатасы спикерді және басқа лауазымды адамдарды өздері тағайындайды. Оған ғана «импичмент» ретінде кінә табуға болады.

ҚҰҚЫҚ ТУРАЛЫ БИЛЛЬДАН ҮЗІНДІ **(АҚШ 1789—1891 жж.)**

1-түзету

Конгресс дінді орнықтыруға немесе оған еркін ғибадат етуге тыйым салатын; сөз немесе баспасөз бостандығын шектейтін; халықтың бейбіт түрде жиналып, өкіметке зиянды іс-әрекеттерді түзету жөнінде петициялар жолдау құқығына қарсы заңдар шығармайды.

2-түзету

Еркін мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, жақсы ұйымдасып құрылған милиция қажет болса да, халықтың қару құқығы шектелмейді.

3-түзету

Бейбіт уақытта бірде-бір солдат қандай бір үйге оның иесінің рұқсатынсыз орналаспайды; ал соғыс уақытында бұл заңда қабылданған тәртіп бойынша жасалады.

4-түзету

Халықтың жеке басын, тұрған үйін, қағаздар мен мүлкін негізсіз тінту немесе қамауға алудан қорғану құқығы бұзылмайды; тінту мен қамауға ордер алу үшін негізгі себептер болса ғана беріледі; бұл ордерлер ант берумен қуатталған немесе салтанатты уәде берумен

қуатталған, тінтудің қай жерде жүргізілуі керектігі анықтап жазылған және қамауға алынатын адамдармен заттар анықталып жазылған болу керек.

5-түзету

Ешкім де ауыр қылмыстық іс немесе басқаша қылмыстар үшін үлкен жюридің айыптауынсыз жауапқа тартылмайды; бұған құрлықтағы әскерлер мен теңіз күштерінде немесе милицияда туындаған соғыс уақытында, немесе қоғамға қауіп төнген кезде қызмет бабында болған істер кірмейді.

Ешкім де бір қылмысы үшін өмірмен немесе тәнімен екі рет жауап бермейді, ешкім де қайсыбір қылмыстық істе өзіне қарсы куәгер болуға мәжбүрленбейді; заңды соттық анықтаусыз өмірінен, бостандығынан немесе мүлкінен айырылмайды; әділетті сыйсыз анықтаусыз өмірінен, бостандығынан немесе мүлкінен айырылмайды, әділетті сыйсыз ешқандай жеке меншік қоғамдық пайдалануға алынбайды.

ПАРЛАМЕНТТІК РЕФОРМАЛАРДЫҢ ХАЛЫҚ ӨКІЛДІГІ ТУРАЛЫ АКТІДЕН ҮЗІНДІСІ

Қызмет бабын пайдаланып билік етуді түзету үшін қолданылатын шаралар дұрыс деп табылғандықтан, ондай іс-әрекеттер ұзақ уақыттар бойы қауымдар палатасында бой көрсетуі, сайлау алдында парламентке мардымсыз жерлерден депутаттар жіберу құқығынан айыру; мұндай мәртебелі дәстүрді үлкен, беделді қалаларға беру; парламентке жіберілген графтың, дворянның үлес салмағын көбейту, бұрын сайлауға құқығы болмаған ұлы мәртебелінің бағынышты қызметкерлерінің сайлау құқығын кеңейту және сайлау компаниясына кететін шығындарды азайтып, корольдің жоғарғы мәртебесі мен ақылы лордтар кеңесінің келісімімен және парламенттегі қауымдар палатасының мақұлдауымен қабылданды.

Парламентке кез-келген қаладан немесе мекен-жайдан бір немесе бірнеше депутат жібереді. Қызмет жасына толып, жеке құқығы жойылмаған және қала немесе мекен-жайдың көлеміне депутат сайлауға; басқа сайлауға қатысушы қала немесе мекен-жайлармен, жеке меншік қожайыны немесе жалгер ретінде үй, қойма, кеңсеге, тағы басқа жайларға иелік етіп, сол жайдан жыл сайын 10 фунттай таза пайда түсіріп, төменде көрсетілген шарттар талаптарға сәйкес сайлаушылардың тізіміне уақытымен тіркелген болса, онда парламентке қала мен графтықтың атынан депутат сайлауда дауыс беруге құқығы бар.

**ФРАНЦИЯ АЗАМАТТЫҚ КОДЕКСІНЕН ҮЗІНДІ
(1804 ж. НАПОЛЕОННЫҢ КОДЕКСІ)
КІРІСПЕ ТИТУЛ**

1-бап. Президенттің шығарған заңдары жарияланғаннан кейін барлық Франция аумағында орындауға міндетті.

Заңдар республиканың қайсыбір бөлігіне белгілі болса, сол мезгілден бастап жүзеге асырылады.

2-бап. Заң тек болашақтағы уақытқа ереже қояды, оның кері күші жоқ.

4-бап. Үндемеуді, қараңғылықты немесе заңның жетіспеушілігін себепке алып, соттаудан бас тартқан судьяға, әділ сотты орындаудан бас тартқаны үшін қудалауға ұшырайды.

6-бап. Қоғамдық тәртіп пен жақсы мінезді қозғайтын заңды жеке келісімдермен бұзуға болмайды.

АДАМ ТУРАЛЫ

I-титул. Азаматтық құқықты қолдану және осы құқықтан айыру туралы

I тарау. Азаматтық құқықты қолдану туралы

7-бап. Азаматтық құқықты жүзеге асыруы азаматтық қасиетіне байланысты емес. Бұл қасиет конституциялық заңнан алынады және сақталынады.

8-бап. Әрбір француз азаматтық құқықты қолданады.

V-титул

I тарау. Некені бекітуге керекті қасиеттер мен шарттар туралы.

144-бап. Жасы 18-ге толық толмаған ер адам, жасы 15-ке толық толмаған әйел адамға некеге тұра алмайды.

146-бап. Келісімсіз неке жоқ.

148-бап. жасы 25-ке толмаған баласы, жасы 21-ге толмаған қызы әке-шешесінің рұқсатынсыз некеге тұра

алмайды, келісе алмаушылық жағдайда әкесінің келісімі жеткілікті.

VI тарау. Ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттері туралы.

212-бап. Ерлі-зайыптылар бір-біріне адал болуға, көмектесуге, қолдауға міндетті.

213-бап. Күйеуі әйелін қорғауға, әйелі күйеуін тыңдауға міндетті.

**ҚОҒАМДЫҚ ЗАҢ ТУРАЛЫ
(1867 ж. Франция)**

I-кітап. Сот полициясы және оның өкілеттелігі жүзеге асыратын лауазымды адамдар туралы.

I-тарау. Сот полициясы туралы.

8. Сот полициясы қылмысты, тәртіп бұзушылықты және құқық бұзушылықты тергейді, оған дәлелдемелер

жинайды және айыпкерді соттауға өкілетті трибуналға жеткізеді.

9. Сот полициясының өкілеттілігін мыналар жүзеге асырады: ауыл және орман күзетшілері; полиция комиссиялары, мэрлер және олардың көмекшілері; бітістіру судьялары, жандармен офицерлері.

**ИМПЕРИЯЛЫҚ ЗАҢ
ГЕРМАНИЯ КОНСТИТУЦИЯСЫ
(1871 ж. 16 сәуір)**

2. Одақтық аумақта империя заң жүргізуге құқылы. Бұл империялық заңдардың облыстық заңдар алдында артықшылығы бар.

5. Империя заң шығарушылығы Одақтық Кеңес және Рейхстаг арқылы іске асады. Империя заңы үшін екі жиналыстың, көпшілігінің келісімі қажет және олар өздері бекітеді. Егер Одақтық Кеңесте армия, флотқа қатысты заң жобалары жөнінде әртүрлі пікірлер бөлініп шығатын болса, онда президент шешуші дауысқа ие болады.

III. Одақтық Кеңес.

6. Одақтық Кеңес Одақ құрамына енетін мемлекет өкілдерінен құралады. Олар өздері дауыс береді, өзара былайша бөліседі. Пруссия 58 дауыстың ішінен 17 дауысын алады.

IV. Президенттік.

11. Одақтағы Президенттік герман империясының дәрежесіне ие Пруссия короліне тиесілі. Император халықаралық қатынастарда империя өкілі болып табылады. Империя атынан соғыс жариялайды, бейбітшілік шартын жасайды, одаққа кіреді және шет мемлекеттермен басқа да шарттар жасайды, елшілер қабылдайды.

Империя атынан соғыс жариялау үшін одақтық, аумақтық немесе оның шекарасына басып кіру жағдайынан басқа кезде Одақтық Кеңестің келісімі талап етіледі.

АЗАМАТТЫҚ ЗАҢДАР ЖИНАҒЫ **(Германия 1896 ж. 18 тамыз)**

1. Қоғамдар

25. Құқыққа қабілеттілігі бар қоғамның құрылысы оның жартысымен анықталады.

26. Қоғамның басқару органы болу керек. Басқару органы бір немесе бірнеше адамнан тұруы мүмкін.

Басқару органы — қоғамның сот және басқа жерде жауап беретін сенімді өкілі. Оның өкілеттілігінің көлемі жарғымен белгіленеді, шектеледі.

27. Басқару қоғам мүшелерінің жалпы жиналысымен белгіленеді. Басқару әр уақытта ауыстырылуы мүмкін, бірақ ескертпе сыйлық алу құқығы сақталады. Ауыстыру құқығы ауыстыруға елеулі негіз болғанда жарғымен шектелуі мүмкін (әсіресе) міндеттерді өрескел бұзу, немесе істі жүргізуге қабілетсіздік осындай негізге түрткі болады.

41. Қоғам жалпы жиналыс қаулысымен жабылуы мүмкін. Ол үшін сол қоғам мүшелерінің төрттен үш бөлігі дауыс беруі керек және жарғыда басқа жағдай.

42. Мүмкіншілігі жоқ деп жарияланса, қоғам құқық қабілеттілігінен айырылады.

43. Қоғамның жалпы жиналысының қаулысы заңға қайшы келсе немесе оның басқармасының заңсыз іс-әрекеті қоғамдық мүддеге қауіп төндірсе.

54. Азаматтық құқыққа қабілеттілігі жоқ қоғамдарға серіктестіктер туралы қаулы қолданады. Мұндай қоғам атынан үшінші жақпен мәміле жасағанда, соңғысының алдында сол мәміле жасаған адам жауап береді; егер оны бірнеше адам жасаса, онда олар жиынтық борышкерлер ретінде жауап береді.

ВАГНЕР ЗАҢЫНАН ҮЗІНДІ
(1835 ж. 5 шілде АҚШ)

Жұмыс берушілердің, жалдама жұмысшылардың ұжымдасуы немесе ұжымдық шарт жасасу құқығына мойындаудан бас тартуы іс жүргізуге кедергі келтіреді немесе өнеркәсіпте ереуілдерді тұрақсыздыққа әкеліп соғады. Бұл жанжалдардың бәрі:

а) іскер кәсіпорындардың тұрақты жұмысын және сенімділігін бұзады;

ә) іскерлік қызметті қиындатады;

б) шикізаттың жартылай фабрикаттық және дайын өнімнің қозғалысын шектейді. Олардың бағасына әсер етеді;

в) халықтың жұмысқа қамтылуы төмендетеді және жалақының күрт төмендейтіні, қанша тауар айналысының мөлшері анықтайтын нарық жағдайын бұзады.

Құрама Штаттар бизнестің еркін дамуына кедергі келтіретін, белгілі бір маңызды кедергілердің пайда болуына әкеліп соғатын себептерді жоюға бағытталған саясат жүргізетіндігін жариялайды.

ТАФТА-ХАРТЛИ ЗАҢЫНАН ҮЗІНДІ
(1847 ж. 7 тамыз АҚШ)

Еңбекшілер мен әкімшілік арасындағы өзара қатынастар.

II-бөлім. Федерациядағы еңбек қатынастары

151. Конституция және саясаттың жарияланып, тәжірибенің көрсеткеніндей, кейбір жұмысшы ұйымның, оның лауазымды адамдары мен мүшелерінің практикасы кейде коммерцияның кідіруіне немесе қиындауына көздеген мақсаты бойынша амалсыз әкеп соғады.

157. Жұмысшылар өзін-өзі ұйымдастыруға, жәрдемдесуге, өздерінің қалауы бойынша тағайындалған өкілдері арқылы ұжымдық келіссөз жүргізуге, басқа да бірлескен іс-әрекеттерге қатысуға; яғни, ұжымдық келіссөздер жүргізуге және басқа да өзара көмек пен қорғау мақсаты болып табылатын іс-әрекеттерге қатысуға құқығы бар. Сонымен бірге осы сияқты іс-әрекеттерден қалыс қалуға құқығы бар.

МАКАРЭН-ВУД ЗАҢЫНАН ҮЗІНДІ
(1950 ж. 23 қыркүйек АҚШ)

«ІШКІ ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ»

2. Сенат пен Палата өкілдерінің әртүрлі комитеттері ұсынған мәліметтерінен Конгресс мынандай қорытындыға келді:

1. Өзінің шығу тегі, дамуы және практикасы қазіргі уақытта іс жүзінде асырып отырған, бүкіл әлемдік

революцияшыл қозғалыс болып табылатын, бүкіл әлемдік коммунистік бірлестік арқылы бүкіл әлемде коммунистік тоталитарлық диктатура орнатуды мақсат ететін әлемдік коммунистік қозғалыстың өмір сүріп отырғанын еске салады.

Әртүрлі елдерде құрылған және жұмыс істеп жатқан коммунистік іс-әрекеттердің бірлестігі әлемдік коммунистік қозғалыс мақсатын орындау үшін қазіргі саяси құрылысты құлатып, коммунистік тоталитарлық диктатураны орнатуға тырысуда. Әдетте, мұндай бірлестіктер коммунистік қозғалыстың ұйымдары болып табылады.

12. а) Зиянкес әрекеттерді бақылау комитеті деп аталатын комитет құрылады және ол Сенат келісімі бойынша Президент тағайындайтын 5 мүшеден тұрады. Комитеттің 3-тен аспайтын мүшесі ғана бір саяси партияға мүше бола алады.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
ЕЖЕЛГІ ЕГИПЕТТІҢ МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҒЫ.....	4
ЕЖЕЛГІ ВАВИЛОН МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҒЫ	7
ЕЖЕЛГІ ҮНДІСТАННЫҢ МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҒЫ.....	10
ЕЖЕЛГІ ҮНДІСТАН МЕМЛЕКЕТІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ	12
ЕЖЕЛГІ ҚЫТАЙДЫҢ МЕМЛЕКЕТІ МЕН ҚҰҚЫҒЫ.....	13
ЕЖЕЛГІ СПАРТАНЫҢ МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҒЫ.....	20
ЕЖЕЛГІ АФИНАНЫҢ МЕМЛЕКЕТІ МЕН ҚҰҚЫҒЫ	21
ЕЖЕЛГІ РИМНІҢ МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҒЫ.....	24
ФРАНК МЕМЛЕКЕТІНІҢ МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҒЫ.....	29
ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ФРАНЦИЯНЫҢ МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҒЫ	32
ОРТАҒАСЫРЛЫҚ АНГЛИЯНЫҢ МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҒЫ.....	37
ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ГЕРМАНИЯНЫҢ МЕМЛЕКЕТІ МЕН ҚҰҚЫҒЫ.....	44
ВИЗАНТИЯНЫҢ МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҒЫ	47
БОЛГАРИЯНЫҢ МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҒЫ	49
СЕРБИЯ МЕМЛЕКЕТІ МЕН ҚҰҚЫҒЫ.....	51
ПОЛЬША МЕМЛЕКЕТІ МЕН ҚҰҚЫҒЫ	54

ЧЕХИЯ МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҒЫ.....	56
АРАБ ХАЛИФАТЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҒЫ	58
ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҮНДІСТАННЫҢ МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҒЫ	61
ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚЫТАЙДЫҢ МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҒЫ	63
ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ЖАПОНИЯНЫҢ МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҒЫ.....	65
ЖАҢА ДӘУІРДЕГІ ҰЛЫБРИТАНИЯ	67
ЖАҢА ДӘУІРДЕГІ ГЕРМАНИЯ	68
ЖАҢА ДӘУІРДЕГІ АҚШ МЕМЛЕКЕТІ МЕН ҚҰҚЫҒЫ	69
ЖАҢА ДӘУІРДЕГІ ФРАНЦИЯНЫҢ ТАРИХЫН МЕМЛЕКЕТТІК РЕЖИМДЕР БОЙЫНША БӨЛУ	70
ЖАҢА ДӘУІРДЕГІ ҚЫТАЙ	72
ЖАҢА ДӘУІРДЕГІ ЖАПОНИЯ.....	74
ЛАТЫН АМЕРИКА ЕЛДЕРІНІҢ МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҒЫ.....	76
ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢА ДӘУІРДЕГІ ИТАЛИЯ.....	78
ЖАҢА ДӘУІРДЕГІ ҰЛЫБРИТАНИЯНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ.....	79
ЖАҢА ДӘУІРДЕГІ ФРАНЦИЯ ҚҰҚЫҒЫ.....	80
ЖАҢА ДӘУІРДЕГІ ГЕРМАНИЯНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫСЫ.....	84
ЖАҢА ДӘУІРДЕГІ ГЕРМАНИЯНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ	85
ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ЖАПОНИЯ.....	87
ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ИТАЛИЯ	88

ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ФРАНЦИЯ.....	89
ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ГЕРМАНИЯ	90
ЖАҢА КЕЗЕҢДЕГІ ҰЛЫБРИТАНИЯ	91
ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ АҚШ.....	92
ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ҚЫТАЙ	94
ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ АНЫҚТАМАЛАР	95
ҚҰҚЫҚТЫҚ МҰРАЛАР.....	110

Сергазы Сейітқазыұлы Түсіпбеков

Искаков Ілияс Маратұлы

ШЕТЕЛДЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТАРИХЫ

Оқу-тәжірибелік құралы

Редактор Ж. Ш. Жалмаханова

Техникалық редактор Р. М. Стафеев

Корректор Ж. Ш. Жалмаханова

Тексеруге 25.05.2015 ж. 26.06.2015 ж. қол қойылды.

Қалабы 60×84¹/₈. Офсеттік қағаз. Офсеттік баспа.

Шартты баспа табақ. 16,7. Таралымы 100 экз. Тапсырыс № 214

Қазақстан Республикасы ПМ Бәрімбек Бейсенов атындағы

Қарағанды академиясының ғылыми-зерттеу және редакциялық-баспа

жұмысын ұйымдастыру бөлімі.

Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясының баспаханасында басылды.

Қарағанды қаласы, Ермеков көшесі, 124